

Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 18 сәуірде № 18544 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

"Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы" ҚР Президентінің 15.03.2020 № 285 Жарлығымен енгізілген төтенше жағдай қолданылу кезеңінде есептіліктің жекелеген түрлерін ұсыну мерзімдері ұзартылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 57-1) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.02.2023 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидалары бекітілсін.

2. Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті (Қуандықов Ә.Ә.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

5. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2019 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Е. Досаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің

Статистика комитеті

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 10 сәуірдегі
№ 64 қаулысымен
бекітілді

Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 57-1) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Валюталық реттеу және

валюталық бақылау туралы заң) 5-бабы 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында валюталық операциялардың мониторингін жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.02.2023 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар мен терминдер "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңда көрсетілген мәндерде қолданылады.

Қағидалардың мақсаты үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бейрезидент-эмитенттердің бағалы қағаздары – базалық активі бейрезидент-эмитенттердің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының және (немесе) эмитент елінің заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар болып танылатын қаржы құралдары;

2) есептік нөмірлердің тізілімі – соның негізінде және (немесе) орындалуы үшін капитал қозғалысы операциясы жүргізілетін валюталық шарттарға (бұдан әрі – капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттар) және шетелдік банктердегі шоттарға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) беретін қолданыстағы нөмірлерінің, сондай-ақ тіркеу куәліктерінің, хабарлау туралы куәліктердің қолданыстағы нөмірлерінің тізбесі;

3) инвестициялау объектісі – акциялары, қатысу үлесі, пайлары сатып алынатын (сатып алынған) заңды тұлға, инвестициялық пай қоры, сондай-ақ мүлкіне мүліктік жарналар салынатын (салынған) заңды тұлға, жай серіктестік, консорциум. Депозитарлық қолхаттармен операциялар жүргізген жағдайда олардың базалық активі болып табылатын бағалы қағаз эмитенті инвестициялау объектісі болып табылады;

4) инвестор – инвестициялау объектісіне меншік құқығы өтетін (өткен) заңды немесе жеке тұлға;

5) қызметкерлер үшін бейрезидент-эмитенттердің бағалы қағаздарына арналған опцион бағдарламасы – резидент-заңды тұлғаның қызметкері осы заңды тұлғаның инвесторлары және (немесе) осы заңды тұлғаның инвесторларының инвесторлары болып табылатын бейрезидент-эмитенттердің бағалы қағаздарының келісілген санын сатып алатын бағдарлама;

6) меншікті операциялар – валюталық шарттың тарабы болып табылатын резиденттің өз атынан жүзеге асыратын операциясы;

7) резидент-эмитенттердің бағалы қағаздары – базалық активі резидент-эмитенттердің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар болып танылатын қаржы құралдары;

8) тіркеу куәлігі – Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін Ұлттық Банк валюталық шартты тіркеу кезінде берген және күшін жоймаған құжат;

9) хабарлама туралы куәлік – Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін Ұлттық Банк валюталық шартқа немесе шетелдік банктегі шотқа берген және күшін жоймаған құжат

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.02.2023 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Есептік нөмір тағайындау капитал қозғалысының тиісті операциясы, шетелдік банктегі шот бойынша Ұлттық Банк тарапынан қандай да бір міндеттемелерсіз жүзеге асырылады. Есептік нөмірдің болуы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатуға негіз болып табылмайды.

4. Уәкілетті банктер Қағидаларға сәйкес талап етілетін ақпаратты (құжаттарды, мәліметтерді, есептерді) берілетін деректердің конфиденциалдылығын және бірдейлігін қамтамасыз ететін, криптографиялық қорғаныш құралдары бар ақпаратты кепілдік бере отырып жеткізудің тасымалдау жүйесін пайдалану не электрондық цифрлық қолтаңбаны растау рәсімдерін сақтай отырып, байланыс жүйелерін пайдалану арқылы электрондық тәсілмен Ұлттық Банкке ұсынады.

Резиденттер болып табылатын жеке және заңды тұлғалар (уәкілетті банктерді қоспағанда) Қағидаларға сәйкес талап етілетін ақпаратты (құжаттарды, мәліметтерді, есептерді) қағаз тасымалдағышта не электрондық цифрлық қолтаңбаны растау рәсімдерін сақтай отырып, байланыс жүйелерін пайдалану арқылы электрондық тәсілмен Ұлттық Банкке ұсынады.

Бір есеп түрлі тәсілдермен ұсынылған кезде күндердің ішіндегі ең ертесі есептің ұсынылған күні болып саналады.

4-1. Есептік тіркеуге құжаттарды қағаз тасымалдағышта ұсынған кезде есептік нөмірі бар валюталық шарт парағының түпнұсқасы немесе көшірмесі алушы жеке куәлігін көрсеткен немесе өзінің жеке басын растаған (сәйкестендірген) кезде цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынады.

Ескерту. 4-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Бейрезидент-жеке тұлғаның қайтыс болуын тіркеу, қайтыс болған деп жариялануы, әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылуы және бейрезидент-заңды тұлғаның таратылуы туралы сот шешімі немесе шет мемлекеттің уәкілетті мемлекеттік органының құжаты Қағидалардың 16-тармағының бірінші бөлігінің 9) тармақшасында және 23-тармағының бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген жағдайлардың басталғандығын растайтын құжаттар болып табылады. Егер

бұл құжаттар шет тілінде жасалса, онда олардың қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы ұсынылады.

6. Егер Қағидаларда белгіленген мәліметтерді, есепті немесе құжатты ұсыну, сондай-ақ есептік тіркеу мерзімі жұмыс істемейтін күні аяқталатын болса, онда мәліметтерді, есепті немесе құжатты ұсыну, сондай-ақ есептік тіркеу мерзімінің аяқталған күні одан кейінгі жұмыс күні болып саналады. Қолма-қол берген кезде адресаттың мәліметтерді, есепті немесе құжатты алған күні немесе пошталық штемпель арқылы жіберген күн қағаз жеткізгіштегі мәліметтерді, есепті немесе құжатты ұсыну күні болып саналады.

7. Егер Қағидаларда өзгеше көзделмесе, заңды тұлғаларға (уәкілетті банктерді қоспағанда) қатысты белгіленген Қағидалардың ережелері олардың филиалдары мен өкілдіктеріне қатысты қолданылады.

8. Есептік нөмірлердің тізілімі Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсына орналастырылады.

2-тарау. Валюталық операцияларды мониторингтеу тәртібі

1-параграф. Резиденттердің капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттар үшін есептік нөмірлерді алуы

9. Капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартта есептік тіркелуге тиіс, оның шеңберінде мыналар көзделеді:

1) мүліктің (ақшаның) Қазақстан Республикасына түсуі және (немесе) резидентте бейрезидентке мүлікті (ақшаны) қайтару бойынша баламасы 500 000 (бес жүз мың) Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) долларынан асатын сомаға міндеттемелердің туындауы;

2) мүлікті (ақша аударымын) Қазақстан Республикасынан беру және (немесе) резидентте бейрезиденттің мүлікті (ақшаны) қайтару бойынша баламасы 500 000 (бес жүз мың) АҚШ долларынан асатын сомаға талаптардың туындауы.

10. Егер капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартта оған қол қойылған күні (ол болмаған жағдайда – күшіне енген күні) шарттың сомасы көрсетілмесе, онда капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт есептік тіркелуге тиіс шарт ретінде қаралады.

Шарттың сомасы АҚШ долларынан басқа валютамен көрсетілген және АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамына нұсқау жоқ капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа есептік тіркеудің қолданылуын айқындау мақсаты үшін валюталық шарттың АҚШ долларындағы сомасының баламасын есептеу валюталық шартқа қол қойылған күнгі (ол болмаған жағдайда – валюталық шарт күшіне енген күнгі) валюта айырбастаудың нарықтық бағамы пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

Капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа оның сомасын ұлғайтатын өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген, валюталық операция сомасы новация шартын жасау арқылы ұлғайтылған жағдайда, валюталық шарт сомасын АҚШ долларымен ұлғайту баламасын есептеу қосымша келісімге, новация шартына қол қойған күнгі (ол болмаған жағдайда – қосымша келісім, новация шарты күшіне енген күнгі) валюта айырбастаудың нарықтық бағамы пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

Сомасы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген шекті мәннен аспайтын капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт бойынша, валюталық шартқа тиісті өзгерістер енгізбей шарттың сомасы нақты ұлғайған жағдайда валюталық шарт бойынша нақты орындалған міндеттемелер сомасының АҚШ долларындағы баламасын есептеу тиісті операциялар жүргізу күнгі валюта айырбастаудың нарықтық бағамы пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

Резидент талапты басқаға беру немесе борышты аудару нәтижесінде бейрезидентке талап ету құқығын не бейрезидент алдындағы борышты қабылдаған кезде, талаптың немесе сыйақы, комиссиялық ақы, айыппұл және басқа да төлемдер бойынша борыштың сомасын қоса алғанда, тиісінше талаптың немесе борыштың берілетін (қабылданатын) сомасы валюталық шарт сомасы болып танылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа қатысушы-резидент капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беру үшін өзінің тұрғылықты мекенжайы (жеке тұлға үшін) не орналасқан (заңды тұлға үшін) жері бойынша орналасқан Ұлттық Банктің аумақтық филиалына өтініш жасайды.

12. Капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа қатысушы-резидент тараптардың кез келгені осындай валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындауды бастағанға дейін капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беруге өтініш жасайды. Егер валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындауды оның қатысушысы-бейрезидент бірінші бастаса және бұл орындау мүлікті резиденттің пайдасына беруге (ақшаның түсуіне) байланысты болса, онда капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа қатысушы-резидент мүлікті (ақшаны) өзінің басқаруына алғанға дейін осындай валюталық шартқа есептік нөмір беруге өтініш жасайды.

Капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа қатысушы-резидент валюталық шарт тараптарының бірі валюталық шарт сомасының Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген шекті мәннен нақты асып кетуіне әкеп соқтыратын міндеттемені орындай

бастағанға дейін сомасы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген шекті мәннен аспайтын капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беруге өтініш жасайды.

Талапты басқаға беру немесе борышты аудару, өтеусіз беру, мұрагерлік, кепілдік жағдайының басталу нәтижесінде, соттың шешімі бойынша бейрезидентке талап қою құқығын қабылдаған немесе бейрезиденттің алдындағы борышты қабылдаған резидент осындай талап (борыш) туындаған күннен бастап, бірақ оның кез келген тарабының туындаған талабы (борышы) бойынша міндеттемелерді орындау басталғанға дейін күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беруге өтініш жасайды.

Резиденттен сатып алу, өтеусіз беру, мұрагерлік нәтижесінде, соттың шешімі бойынша бейрезидент-заңды тұлғаның шет елдегі жылжымайтын мүлкіне (резидент-жеке тұлғаларды қоспағанда), капиталдағы үлесіне меншік құқығы өтетін резидент меншік құқығы өткен күннен бастап, бірақ осындай меншік құқығын иеліктен шығарғанға дейін күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беруге өтініш жасайды.

Резидент (экспорттаушы немесе импорттаушы) мен бейрезидент арасында болған бастапқы міндеттеме міндеттемені орындаудың өзге нысанасын немесе тәсілін көздейтін және капитал қозғалысының операцияларына жататын сол тұлғалар арасындағы басқа міндеттемемен ауыстырылған кезде резидент ауыстырылған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей, бірақ оның кез келген тарапының міндеттемелерін орындау басталғанға дейін капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беруге өтініш жасайды.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.08.2024 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

13. Капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірін алу үшін осындай валюталық шартқа қатысушы-резидент Ұлттық Банкке мыналарды ұсынады:

1) валюталық шартқа есептік нөмір беруге өтініш, оның негізінде және (немесе) оны орындау үшін Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша капитал қозғалысының операциялары жүргізіледі;

2) жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын, жеке сәйкестендіру нөмірін қамтитын құжаттың немесе Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығын растайтын құжаттың (шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар үшін) көшірмесі;

3) тігілген және жеке тұлғаның немесе заңды тұлға өкілінің қолымен расталған капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттың және капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерге қатысты оған өзгерістердің және (немесе)

толықтырулардың көшірмелері. Егер капитал қозғалысы бойынша валюталық шарт шет тілінде жасалған болса, онда оның қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасы ұсынылады.

Капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт бойынша осындай валюталық шартқа есептік нөмір беру үшін өтініш берілгенге дейін міндеттемелер орындалған жағдайда қатысушы-резидент Ұлттық Банктің аумақтық филиалына міндеттемелердің туындауын, орындалуын және тоқтатылуын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Құжаттар электрондық тәсілмен ұсынылған кезде капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттың электрондық көшірмесі беріледі.

Қағидалардың 15-тармағында көзделген жағдайларда жаңа есептік нөмір алу үшін, егер олар Ұлттық Банкке соңғы ұсынылған сәттен бастап өзгермесе, көрсетілген құжаттар қайта ұсынылмайды.

14. Ұлттық Банктің аумақтық филиалы резидент Қағидалардың 13-тармағында көзделген құжаттар мен мәліметтерді толық көлемде ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір береді және есептік нөмірлердің тізіліміне енгізіледі.

Есептік нөмір, оны беру күні Ұлттық Банктің аумақтық филиалының уәкілетті қызметкерінің қолымен және мөрімен растала отырып, қозғалысы жөніндегі валюталық шарттың түпнұсқасының немесе көшірмесінің бірінші парағында көрсетіледі.

Есептік нөмір берілгені туралы белгісі бар капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттың көшірмесінің бір данасы Ұлттық Банктің аумақтық филиалында қалады.

Ұлттық Банктің аумақтық филиалы капитал қозғалысы операциясын жіктеуді жүзеге асырады және есептік нөмір берілген капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа қатысушы-резидентке Қағидалардың 24 және 25-тармақтарына сәйкес есеп ұсыну қажеттігі туралы хабарлайды.

15. Есептік нөмір берілген капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа жаңа есептік нөмір алу мынадай мәліметтер өзгерген кезде қажет етіледі:

- 1) капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттың валютасы;
- 2) егер өзгеріс капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа қатысушы-резиденттің талаптарындағы немесе міндеттемелеріндегі тұлғалардың ауысуына әкелетін болса, капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа қатысушылар;
- 3) егер өзгеріс капитал қозғалысы операциясын қайта жіктеуге және (немесе) есеп нысанының өзгеруіне әкелетін болса, валюталық шарттың мәні;
- 4) валюталық шартқа қатысушы-бейрезиденттердің сәйкестендіру деректері (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тұрақты тұратын елі, оның ішінде шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген азаматтық немесе құқықтар негізінде, заңды тұлғаның, заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) аты, тіркеу елі);

5) басқа облысқа, республикалық мәні бар қалаға, астанаға көшкен (көшірілген) кезде – резиденттің тұрақты тұратын (орналасқан) жері;

6) заңды тұлға болып табылатын валюталық шартқа қатысушы-резиденттің бірігуіне, қосылуына, бөлінуіне, бөлініп шығуына байланысты оның сәйкестендіру деректері.

Есептік нөмір берілген капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа жаңа есептік нөмір алу мынадай мәліметтер өзгерген кезде қажет етілмейді:

1) агент-банкті сақтай отырып, резидент тартатын синдикатталған қарыз шарттарындағы кредиторлардың өзгеруі;

2) валюталық шартқа қатысушы резиденттің сәйкестендіру деректері: заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда). Бұл ретте резидент сәйкестендіру деректерінің өзгергені туралы есептік тіркеу орны бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына хабарлайды.

Капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартты осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес мәліметтерді өзгерту көзделмейтін жаңа редакцияда жазу кезінде жаңа есептік нөмірді алу қажет етілмейді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.08.2024 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт мынадай жағдайларда:

1) Қағидалардың 15-тармағында көзделген жағдайларда, жаңа есептік нөмір берілген кезде;

2) нәтижесінде валюталық шарттың сомасы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген шекті мәннен төмен болып белгіленетін немесе валюталық шарт Қағидалардың 17-тармағына сәйкес есептік тіркеуге жатпайтын капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт талаптары немесе өзге де мәліметтер өзгерген кезде;

3) қолданылу мерзімі өткен және (немесе) міндеттемелерді орындау мерзімі өткен валюталық шарт бойынша тараптардың міндеттемелерді орындауы болмаған кезде;

4) тараптар арасындағы міндеттемелер толық тоқтатылған кезде;

5) активті иелену аяқталған кезде;

6) нәтижесінде шарт бойынша операциялар капитал қозғалысының операциялары болып табылмайтын капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт тараптарының резиденттігі өзгерген кезде;

7) резидент-заңды тұлға қызметінің тоқтатылғаны туралы бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне мәліметтер енгізу кезінде;

8) резидент-жеке тұлғаның қайтыс болуы, қайтыс болды деп жариялануы, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылуы және құқықтық мирасқорының болмауы кезінде;

9) бейрезидент-жеке тұлға қайтыс болған, қайтыс болды деп жарияланған, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған, капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттың тарапы болып табылатын бейрезидент-заңды тұлға таратылған кезде;

10) уәкілетті органның жеке тұлғаның Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткені туралы растамасы болған кезде;

11) капитал қозғалысы бойынша валюталық шарт жеке есепке жатқызылғаннан кейін үш жыл өткен және валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы болмаған кезде Ұлттық Банктің аумақтық филиалында есептік тіркеуден шығарылады және (немесе) оның есептік нөмірі есептік нөмірлер тізілімінен алып тасталады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасы резидент инвестициялау объектісі болып табылатын, инвестициялау объектісінің капиталына қатысатын, есептік нөмір берілген капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт бойынша шетелде жылжымайтын мүлікке меншік құқығын алатын жағдайларға қолданылмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3), 4), 5), 6) және 9) тармақшаларында көзделген жағдайларда резидент валюталық шартты есептік тіркеуден шығару және есептік нөмірлер тізілімінен есептік нөмірді алып тастау үшін Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 4), 5), 6) және 9) тармақшаларында көзделген жағдайларда, резидент өтінішпен бірге өтініште көрсетілген жағдайлардың басталғанын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Есептік нөмірі бар капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт резидент тұрақты тұратын немесе орналасқан жері бойынша болмаған кезде Ұлттық Банктің аумақтық филиалында жеке есепке алынуға тиіс. Ұлттық Банктің аумақтық филиалы өзге мемлекеттік органдармен бірлесіп олардың құзыреті шегінде жыл сайын резиденттің орналасқан жерін анықтау бойынша жұмыс жүргізеді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.08.2024 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Мынадай капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттар есептік тіркелмейді:

1) Ұлттық Банк және (немесе) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қатысушылары болып табылатын капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттар;

2) жалғыз резидент қатысушысы (резидент қатысушылары) "Астана" халықаралық қаржы орталығының қатысушысы (қатысушылары) болып табылатын капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттар;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыртқы қарыздары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздары туралы келісімдер.

Капитал қозғалысының мынадай операциялары көзделген валюталық шарттар есептік тіркелмейді:

1) Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері, өзінің қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын шетелдік ұйымдардың филиалдары (өкілдіктері) жүзеге асыратын операциялар;

2) банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, брокерлердің және (немесе) дилерлердің, басқарушы компаниялардың, өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының меншікті капитал қозғалысы операциялары;

3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының меншікті және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялауға байланысты операциялары;

4) мыналарды:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын;

резидент-эмитенттің басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес және оның аумағында шығарылған бағалы қағаздарын (базалық активі резидент-эмитенттің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттарды қоса алғанда);

бейрезидент-эмитенттің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздарын (Қазақстанның депозитарлық қолхаттарын қоса алғанда) орналастыру және (немесе) сатып алу;

5) қайталама нарықта:

резиденттің бейрезиденттен резидент-эмитенттің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған борыштық бағалы қағаздарын;

бейрезиденттің резиденттен бейрезидент-эмитенттің басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес және оның аумағында шығарылған борыштық бағалы қағаздарын сатып алу;

6) резиденттердің резидент-брокермен жасасқан брокерлік қызмет көрсету туралы шарттың негізінде немесе резидент-компанияның инвестициялық портфельді басқарушымен жасасқан инвестициялық портфельді басқару жөніндегі шарттың негізінде жүзеге асырылатын операциялары;

7) зияткерлік творчестволық қызметтің нәтижесіне айрықша құқықты толығымен иелену;

8) резидент-жеке тұлғалардың операциялары:

бейрезидент брокермен жасалған брокерлік қызметтерді көрсету шарт негізінде жүзеге асырылатын;

бейрезидент инвестициялық портфельді басқарушымен жасалған инвестициялық портфельді басқару шарты негізінде жүзеге асырылатын;

жылжымайтын мүлікке меншік құқығын иеленуге байланысты;

ақшаны және өзге валюталық құндылықтарды өтеусіз беруге байланысты операциялары.

Есептік нөмір:

1) егер осындай беру нәтижесінде міндеттемелерді орындау немесе тоқтату не резидент бұрын есептік нөмір алған капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт бойынша валюталық құндылықтарға, шетелдегі жылжымайтын мүлікке меншік құқығын иеліктен шығару болса, резиденттің бейрезидентке (бейрезиденттің резидентке) ақшаны немесе өзге валюталық құндылықтарды не шетелдегі жылжымайтын мүлікке меншік құқығын өтеусіз беру шартына;

2) егер резидент бейрезиденттің инвестициялау объектісі капиталына резиденттің қатысуы (резиденттің акцияларды, қатысу үлестерін сатып алуы) бойынша, шетелдегі жылжымайтын мүлікті меншікке иелену бойынша капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт үшін бұрын есептік нөмір алса, резиденттің акцияларды, бейрезиденттің инвестициялау объектісі капиталына қатысу үлестерін, шетелдегі жылжымайтын мүлікті бейрезидентке сатуы бойынша шартқа;

3) егер резидент резидент-инвестициялау объектісінің капиталына бейрезиденттің қатысуы бойынша капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт үшін бұрын есептік нөмір алса, резидент-инвестициялау объектісінің бейрезиденттен меншікті акцияларды, капиталға қатысу үлестерін сатып алу шартына;

4) кепіл мүлкі – бағалы қағаздар, капиталға қатысу құралдары, жылжымайтын мүлік бойынша сауда-саттыққа қатысу үшін аванстарға берілмейді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.08.2024 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2-параграф. Резидент-заңды тұлғалардың шетелдік банктердегі шоттар үшін есептік нөмірлерді алуы

18. Жеке тұлға, банк, Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін жүзеге асыратын шетелдік ұйымның филиалы (өкілдігі) және "Астана" халықаралық қаржы орталығының қатысушысы ашқан шотты қоспағанда, шетелдік банкте банктік шотты, аллокирленбеген металл шотты ашу шетелдік банктегі шот туралы хабарлауға жатады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19. Резидент-заңды тұлға шетелдік банктегі өзі немесе оның филиалы (өкілдігі) ашқан шотқа есептік нөмір алу үшін өзі орналасқан жердегі Ұлттық Банктің аумақтық

филиалына осы шотты пайдалана отырып операциялар жүргізгенге дейін өтініш жасайды.

20. Шетелдік банктегі шотқа есептік нөмір алу үшін резидент-заңды тұлға Ұлттық Банктің аумақтық филиалына:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті;

2) шетелдік банктің шот ашу туралы шоттың деректемелері көрсетілген құжатының көшірмесін ұсынады. Егер құжат шет тілінде жасалса, онда оның қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы ұсынылады.

Қағидалардың 22-тармағында көзделген жағдайларда жаңа есептік нөмірді алу үшін осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген құжаттар, егер олар Ұлттық Банкке соңғы ұсынылған сәттен бастап өзгермесе, қайта ұсынылмайды.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21. Шетелдік банктегі шотқа есептік нөмірді Ұлттық Банктің аумақтық филиалы резидент-заңды тұлға Қағидалардың 20-тармағында көзделген құжаттар мен мәліметтерді толық көлемде ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде береді және есептік нөмірлердің тізіліміне енгізеді.

Есептік нөмір, ол берілген күн шетелдік банктің шот ашу туралы шоттың деректемелері көрсетілген құжаттың түпнұсқасының немесе көшірмесінің бірінші парағында уәкілетті қызметкердің қолымен және Ұлттық Банктің аумақтық филиалының мөрімен куәландырады.

Есептік нөмір берілгені туралы белгісі бар шетелдік банктің шот ашу туралы құжатының көшірмесінің бір данасы Ұлттық Банктің аумақтық филиалында қалады.

Ұлттық Банктің аумақтық филиалы резидент-заңды тұлғаға шетелдік банктегі есептік нөмір берілген шот бойынша Қағидалардың 24 және 26-тармақтарына сәйкес есеп ұсыну қажеттілігі туралы хабарлайды.

22. Шетелдік банктегі есептік нөмір берілген шотқа жаңа есептік нөмір алу мынадай мәліметтер өзгерген кезде талап етіледі:

1) шетел банкінің атауы;

2) басқа облысқа, республикалық маңызы бар қалаға, астанаға көшкен кезде – резидент-заңды тұлғаның орналасқан жері;

3) резидент-заңды тұлғаның бірігуіне, қосылуына, бөлінуіне, бөлініп шығуына байланысты оның сәйкестендіру деректері.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.08.2024 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

23. Шетелдік банктегі шот мына жағдайларда:

1) Қағидалардың 22-тармағында көзделген жағдайларда жаңа есептік нөмір берілген кезде;

2) шот жабылған кезде;

3) Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне резидент-заңды тұлға қызметінің тоқтатылғаны туралы жазба енгізілген кезде;

4) шетелдік банк таратылған кезде;

5) шетелдік банктегі шот жеке есепке жатқызылғаннан кейін үш жыл өткен және ол арқылы ақша қозғалысы болмаған кезде Ұлттық Банктің аумақтық филиалындағы есептік тіркеуден шығарылады және оның есептік нөмірі есептік нөмірлердің тізілімінен алып тасталады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда резидент-заңды тұлға шетелдік банктегі шотты есептік тіркеуден шығару және есептік нөмірді есептік нөмірлердің тізілімінен алып тастау үшін Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті ұсынады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда резидент-заңды тұлға өтініште көрсетілген жағдайлардың басталғанын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Шетелдік банктегі есептік нөмірі бар шот резидент-заңды тұлға өзінің тұрақты орналасқан жері бойынша болмаған кезде Ұлттық Банктің аумақтық филиалында жеке есепке алынуға жатады. Ұлттық Банктің аумақтық филиалы өзге мемлекеттік органдармен бірлесіп, олардың құзыреті шегінде жыл сайын резидент-заңды тұлғаның орналасқан жерін анықтау бойынша жұмыс жүргізеді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.08.2024 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-параграф. Капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттар және шетелдік банктердегі шоттар бойынша ақша қозғалысын және міндеттемелердің өзге орындалуын мониторингтеу

24. Резидент тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне (қоса алғанда) дейін капитал қозғалысы немесе шетелдік банктегі шот жөніндегі валюталық шарт үшін есептік нөмір алған жер бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына Қағидалардың 25 және 26-тармақтарына сәйкес нысандар бойынша есептер ұсынады.

Есептерді ұсыну есептік нөмірді беру күні кіретін кезең үшін есептен басталады және капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт немесе шетелдік банктегі шот есептік тіркеуден шығарылған кезең үшін есеппен аяқталады.

25. Есептік нөмір берілген капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа қатысушы-резидент мынадай есептерді береді:

1) қаржылай қарыздар бойынша – Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржылай қарызды игеру және қызмет көрсету туралы есеп;

2) резиденттің бейрезидент-инвестициялау объектісінің капиталына қатысуы бойынша, резиденттің бейрезиденттің акцияларын, капиталына қатысу үлестерін сатып алуы бойынша – Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялау объектісінің капиталына қатысу туралы есеп;

3) бейрезиденттің резидент-инвестициялау объектісінің капиталына қатысуы бойынша, резиденттің бейрезиденттен резиденттің акцияларын, капиталына қатысу үлестерін сатып алуы (резиденттің бейрезидентке сатуы) бойынша – Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялау объектісінің капиталына қатысу туралы есеп;

4) бағалы қағаздармен (капиталға қатысуды қоспағанда), туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша – Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы есеп;

5) жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алуға, азаматтық айналымға, тауарларға, жұмыстарға немесе қызмет көрсетулерге қатысушыларды дараландыру құралдарына айрықша құқықтарды толығымен сатып алуға, ақшаны және өзге де мүлікті бірлескен қызметке қатысушының міндеттемелерін орындау үшін, сенімгерлік басқаруға, трастқа беруге байланысты операциялар бойынша – Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы есеп;

6) клиенттердің тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларға ақшаны және қаржы құралдарын клиенттерге тиесілі ақшаны есепке алуға және сақтауға арналған шоттарға беруге байланысты операциялар бойынша – Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы есеп;

7) ақшаны және өзге де валюталық құндылықтарды өтеусіз беру бойынша – Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы есеп.

26. Резидент-заңды тұлға шетелдік банктегі есептік нөмір берілген шот бойынша мынадай есептерді ұсынады:

1) шетелдік банктегі, оның Қазақстан Республикасынан тысқары орналасқан филиалы (өкілдігі) ашқан шот жөніндегі есеп – Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы есеп;

2) Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілмеген жағдайларда – Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік банктегі ақша қозғалысы туралы есеп.

27. Қағидалардың 24-тармағына сәйкес есеп ұсынған резидент Ұлттық Банктің сұратуы бойынша, сұратуда көрсетілген мерзімдерде:

- 1) капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің туындауын, орындалуын және тоқтатылуын растайтын құжаттардың көшірмелерін;
- 2) қаражатты игеру және қаржылай қарыздар бойынша берешекті өтеу жөніндегі болжамды деректер туралы ақпаратты;
- 3) инвестициялау объектісінің капиталға қатысу жөніндегі қаржылық есептілігін;
- 4) жүргізілген төлемдер және (немесе) аударымдар туралы және шетелдік банктегі шоттағы ақша сомасы туралы үзінді-көшірмені ұсынады.

28. Резидент капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт немесе шетелдік банктегі есептік нөмірі бар шот бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына мынадай күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей:

1) тұрақты тұратын жері (резидент-жеке тұлға үшін) не орналасқан жері (резидент-заңды тұлға, резидент-заңды тұлғаның филиалы үшін) өзгерген – жаңа тұрақты тұратын жері (резидент-жеке тұлға үшін) не орналасқан жері (резидент-заңды тұлға үшін) бойынша осындай өзгерістер туралы;

2) капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген, өзге валюталық шарт жасаған немесе оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген, капитал қозғалысы операцияларын жүзеге асыруға қатысты құжаттарға қол қойылған немесе күшіне енгізілген – капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір берілген жер бойынша тиісті құжаттардың көшірмелерін ұсына отырып, осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы;

3) капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа қатысушы-резиденттің және (немесе) қатысушы-бейрезиденттің сәйкестендіру деректері өзгерген (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), тұрақты тұратын жері, оның ішінде шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген азаматтығы немесе құқығы негізінде, заңды тұлғаның, заңды тұлғаның филиалының (өкілдігінің) атауы, тіркелген елі) – капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір берілген жер бойынша осындай өзгерістер туралы;

4) шетелдік банктегі шоттың деректемелері өзгерген – тиісті құжаттардың көшірмелерін ұсына отырып, шетелдік банктегі шотқа есептік нөмір берілген жер бойынша осындай өзгерістер туралы;

5) резидент-заңды тұлғаның атауы өзгерген – шетелдік банктегі шотқа есептік нөмір берілген жер бойынша осындай өзгеріс туралы жазбаша хабарлайды.

29. Капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа қатысушы-резидент Ұлттық Банктің сұратуы бойынша капитал қозғалысының операцияларын жүзеге асыруға қатысты және (немесе) бұрын ұсынылған құжаттарға сілтемелер бар құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсынады.

30. Капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт немесе шетелдік банктегі есептік нөмір берілген шот бойынша есептер ұсыну резидентте борышкерді банкрот деп тану және оны банкрот рәсімдерін қозғай отырып тарату туралы шешім болған кезде

осындай шешімдер қабылданған күннен кейінгі кезеңдер үшін талап етілмейді. Осындай шешімнің көшірмесі Ұлттық Банкке ұсынылады.

Сот банкроттық туралы іс бойынша өндірісті тоқтата тұру немесе тоқтату туралы ұйғарым, борышкерді банкрот деп танудан бас тарту туралы шешім шығарған не соттың борышкерді банкрот деп тану бас тарту туралы шешімнің күші жойылған жағдайда есептер ұсыну жаңартылады.

31. Уәкілетті банк Қағидалардың 34-тармағына сәйкес капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттар бойынша төлемдер және (немесе) аударымдар туралы және резиденттердің шетелдік банктердегі меншікті шоттарынан (меншікті шоттарына) ақша аударымдары туралы хабарлайды.

4-параграф. Уәкілетті банктердің жүргізілген валюталық операциялар туралы хабардар етуі

32. Банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын филиалы ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 8 (сегізінші) күніне (қоса алғанда) дейін Ұлттық Банктің орталық аппаратына Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктің, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының бейрезиденттерден есепті кезеңдегі қаржылай қарыздар тарту талаптары туралы есепті ұсынады.

Валюталық операцияларды жүргізу жағдайларын нақтылау мақсатында банк, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы Ұлттық Банктің орталық аппаратының сұратуы бойынша қаржылай қарыз шартының көшірмесін ұсынады.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.02.2023 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

33. Банк, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне (қоса алғанда) дейін Ұлттық Банктің орталық аппаратына Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы бейрезиденттерден тартқан, есепті кезеңнің басында және (немесе) соңында өтелмеген міндеттемелері бар қаржылай қарыздарды игеру және оларға қызмет көрсету туралы есепті ұсынады.

Банк, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы есеп шеңберінде Ұлттық Банктің сұратуы бойынша қаражатты игеру және берешекті өтеу бойынша болжамды деректер туралы ақпаратты ұсынады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

34. Уәкілетті банк Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізілген, оның ішінде клиенттің тапсырмасы бойынша жүргізілген валюталық операциялар туралы есепті Ұлттық Банктің орталық аппаратына есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (онына) (қоса алғанда) дейінгі мерзімде ай сайын ұсынады.

Есепте көрсету үшін валюталық операция сомасына қатысты шекті мән "Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18512 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларының 8-1-тармағында айқындалады.

Валюталық операцияларды жасау жағдайларын нақтылау мақсатында уәкілетті банк Ұлттық Банктің сұратуы бойынша валюталық шарттың көшірмесін ұсынады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5-параграф. Жеке жағдайлар

35. Егер капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеу үшін Қазақстан Республикасында орналасқан валюталық шартқа қатысушы – резидент-заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) өтініш жасаса, Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, негізінде және (немесе) орындалуы үшін капитал қозғалысы операциялары жүргізілетін валюталық шартқа есептік нөмір беруге өтініште капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа қатысушы ретінде резидент-заңды тұлғаның осы филиалының (өкілдігінің) валюталық операцияны жүзеге асыруы туралы белгісімен резидент- заңды тұлға көрсетіледі. Резидент - заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) өзінің орналасқан жері бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына өтініш жасайды.

36. Қазақстан Республикасынан тысқары орналасқан резидент-заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартына немесе шетелдік банктегі шотына есептік нөмір беру үшін резидент- заңды тұлға өтініш жасайды. Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша соның негізінде және (немесе) орындалуы үшін капитал қозғалысы операциясы жүргізілетін валюталық шартқа немесе шетелдік банктегі шотқа есептік нөмір беруге арналған өтініште резидент-заңды тұлғаның осы филиалының (өкілдігінің) валюталық операцияны жүзеге

асыру немесе шетелдік банкте шот ашу туралы белгісімен резидент-заңды тұлға көрсетіледі. Мәліметтерді, есептерді және құжаттарды беруді резидент-заңды тұлға жүзеге асырады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.02.2023 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

37. Резидент-заңды тұлғаның қызметкерлері үшін бейрезидент- эмитенттердің бағалы қағаздарына опциондар бағдарламасы шеңберінде капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеу үшін резидент – заңды тұлға өтініш жасайды.

38. Бірнеше қатысушы-резиденттері (бейрезиденттері) бар капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір мүліктің (ақшаның) Қазақстан Республикасына келіп түсуі (Қазақстан Республикасынан беруі) және (немесе) осындай валюталық шарт шеңберінде резиденттер және бейрезиденттер арасында міндеттемелердің (талаптардың) туындауы жалпы сомасы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген шекті мәннен асқан кезде беріледі.

39. Резидент-тарап көрсетілмеген капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беру үшін мүлікті (ақшаны) алушы (жөнелтуші) болып табылатын немесе бейрезидент алдында міндеттемелері немесе бейрезидентке талаптар туындайтын резидент өтініш жасайды.

40. Бірнеше қатысушы-резиденттері бар капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беру үшін валюталық шарт сомасының басым бөлігі тиесілі осындай валюталық шарттың резидент - тарабы не осындай тарап болмаған кезде – бейрезидент алдында міндеттемелерін орындауды бірінші бастайтын (бастаған) резидент-тарап өтініш жасайды. Өзге жағдайларда есептік нөмір беру үшін капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттың резидент- тараптарының бірі өтініш жасайды

Есептік нөмір беру үшін өтініш жасаған резидент Ұлттық Банктің аумақтық филиалына капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беру жөніндегі өтінішке қатысты капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттың басқа резидент-тараптарының жазбаша келісімін ұсынады. Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша негізінде және (немесе) орындалуы үшін капитал қозғалысы операциясы жүргізілетін валюталық шартқа есептік нөмір беруге өтініште капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттың барлық қатысушы- резиденттері көрсетіледі.

Капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа басқа қатысушы- резиденттер бейрезиденттің пайдасына төлемдер және (немесе) аударым жасаған және (немесе) бейрезиденттен ақша алған кезде уәкілетті банкке есептік нөмірдің берілгені туралы белгісі бар капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттың көшірмесін ұсынады.

Қағидалардың осы тарауының 3-параграфында көзделген мәліметтерді, есептерді және құжаттарды беруді есептік нөмір беру үшін өтініш жасаған резидент жүзеге асырады.

Валюталық шартқа басқа қатысушы-резиденттің валюталық шарттың есептік тіркелген орны бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына жазбаша түрде өтініш жасаған соң және есептік нөмір беру үшін өтініш жасаған резиденттің жазбаша келісімін ұсынған кезде мәліметтерді, есептерді және құжаттарды беруіне рұқсат етіледі.

Валюталық шартқа қатысушы-резиденттердің мәліметтерді, есептерді және құжаттарды бейрезидент (бейрезиденттер) алдындағы өз міндеттемелерін орындау бөлігінде олар валюталық шарттың есептік тіркелген орны бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына жазбаша өтініш жасағаннан және есептік нөмір беру үшін өтініш жасаған резиденттің жазбаша келісімін ұсынғаннан соң өздігінен беруіне рұқсат етіледі.

Мәліметтер, есептер және құжаттар валюталық шарттың есептік тіркелген орны бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына ұсынылады.

41. Бірнеше қатысушы-резиденттермен капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт валюталық шарттың есептік тіркелген орны бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалы валюталық шартқа барлық қатысушы-резиденттерден міндеттемелердің толық орындалғаны туралы жазбаша хабар алған соң есептік тіркеуден алынады.

42. Шетелдік банкте "эскроу-шот" режимінде шот ашқан кезде есептік нөмір беру үшін атына шот ашылған резидент-занды тұлға өтініш жасайды. Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік банкте шотқа есептік нөмір беруге арналған өтініште шетелдік банкте шот ашқан тұлға да көрсетіледі.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.02.2023 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

43. Егер есептік нөмір аралас шартқа берілсе және валюталық шарт шеңберінде капитал қозғалысы жөніндегі әрбір валюталық операция бойынша түрлі нысандар бойынша есептерді беру көзделсе, онда әрбір аралас шарт шеңберінде капитал қозғалысы жөніндегі әрбір валюталық операцияға жеке есеп ұсынылады.

44. Базалық активті қолдану немесе іске асыру мақсатында сатып алынатын және базалық активтен тәуелсіз беріле алмайтын (сатыла алмайтын) туынды қаржы құралдарына байланысты валюталық операциялар базалық активі бар валюталық операциялар ретінде қарастырылады.

3-тарау. Өтпелі ережелер

45. Қағидалар қолданысқа енгізілген күннен бастап:

1) Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген шекті мәннен аспайтын сомаға берілген;

2) Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін жүзеге асыратын, Қағидалар қолданысқа енгізілген күннен бастап резидент болып табылатын шетелдік ұйымдардың филиалдарымен (өкілдіктерімен) капитал қозғалысы жөніндегі валюталық операцияларға берілген;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, брокерлердің және (немесе) дилерлердің, басқарушы компаниялардың жеке операцияларына берілген;

4) зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижесіне толық айырықша құқықты иеленуге берілген;

5) экспорт және импорт жөніндегі валюталық операцияларға берілген тіркеу куәліктері, хабарлама туралы куәліктер өз қолданысын тоқтатады.

46. Қағидалардың 45 және 47-тармақтарында көрсетілгенді қоспағанда, Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін тіркеу куәлігі немесе хабарлама туралы куәлік алынған валюталық шарт немесе шетелдік банктегі шот есептік тіркеуге қабылданды деп саналады. Тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің нөмірі төлемдер және (немесе) ақша аударымын жүргізу және Ұлттық Банкке есептер беру кезінде капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттың, шетелдік банктегі шоттың есептік нөмірі ретінде көрсетіледі. Шетелдік банктегі осындай валюталық шарттар, шоттар бойынша есептер беру, жаңа есептік нөмір алу, есептік тіркеуден шығару Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

47. Банкке бейрезиденттен қаржылай қарызға берілген хабарлама туралы куәлік капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады және Қағидалардың 16-тармағында көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ Қағидалардың 15-тармағының 1), 2), 3), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер өзгерген кезде күші жойылған деп танылады.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

48. Қағидалар қолданысқа енгізілген күні тіркеу куәлігі немесе хабарлама туралы куәлік қолданыста болатын капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шартқа немесе шетелдік банктегі шотқа есептік нөмір беру Қағидалардың 14-тармағының екінші бөлігіне және 21-тармағының екінші бөлігіне сәйкес бұрын ресімделген тіркеу куәлігінің немесе хабарлама туралы куәліктің нөмірі мен күнін түпнұсқаға немесе валюталық шарттың көшірмесіне көшіру арқылы тіркеу куәлігін немесе хабарлама туралы куәлікті ресімдеген резидент Ұлттық Банктің аумақтық филиалына жазбаша өтініш жасаған кезде жүзеге асырылады.

49. Қағидалар қолданысқа енгізілген күннен бастап есептік тіркеу талабы қолданылатын капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт, шетелдік банктегі

шоттар міндеттемелерді бірінші орындағанға, Қағидалар қолданысқа енгізілген соң шетелдік банктегі шотты пайдалана отырып ақша аударғанға дейін Ұлттық Банктің аумақтық филиалында есептік тіркелуге жатады.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
мониторингтеу қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі

филиалының директорына

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), заңды тұлғаның атауы)
Жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), бизнес-сәйкестендіру нөмірі
(бұдан әрі – БСН) _____
мекенжайы _____

телефоны _____

электрондық пошта _____

Негізінде және (немесе) орындалуы үшін капитал қозғалысы операциялары жүргізілетін

_____ валюталық шартқа, шетел банкіндегі шотқа есептік нөмір беруді;

_____ есептік нөмірін есептік тіркеуден шығаруды және есептік нөмірлердің тізілімінен алып

тастауды сұраймын.

(қажеттісін белгілеу керек)

_____ жылғы " __ " _____ № _____ валюталық шарт

Осы валюталық шарт, шетел банкіндегі шот бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептік нөмірі (тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің нөмірі)

Өтініш берушінің уәкілетті адамы:

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Орындаушы _____ телефоны _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

20__ жылғы " ____ " _____

1-бөлім. Қаржылай қарыздар

1. Операция түрі (белгіленсін)

- 1) _____ резиденттің бейрезидентке берген қаржылай қарызы;
- 2) _____ бейрезиденттің резидентке берген қаржылай қарызы.

2. Валюталық шарттың резидент басқа қатысушылары:

жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН, заңды тұлғаның атауы, БСН

3. Валюталық шарттың бейрезидент қатысушылары:

жеке тұлға үшін: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), тұрақты тұратын елі (елдері)

азаматтығы елі (елдері) (егер тұрақты тұратын елімен сәйкес келмейтін болса, толтырылады)

заңды тұлға үшін: атауы, тіркелген елі, тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі (бар болса)

)

4. Валюталық шарттың сомасы _____

(валюталық шарттың валютасында)

5. Шарт валютасы _____

6. Бейрезиденттің резидентке қатысы (белгіленсін):

- 1) _____ бейрезиденттің резиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10 (он) пайызын және одан астамын тікелей иелік етуі;
- 2) _____ бейрезиденттің резиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10 (он) пайызын және одан астамын жанама иелік етуі;
- 3) _____ резиденттің бейрезиденттің дауыс беруші акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10 (он) пайызын және одан астамын тікелей иелік етуі;
- 4) _____ резиденттің бейрезиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10 (он) пайызын және одан астамын жанама иелік етуі;
- 5) _____ резидент және бейрезидент бір-біріне ешқандай бақылау жасай алмайды және әсер

ете алмайды, бірақ резиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының кемінде 10 (он) пайызын тікелей немесе жанама иелік ететін бір инвестордың бақылауында

немесе ықпалында болады;

б) _____ өтініштің осы тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілмеген жағдайлар.

7. Операцияның қысқаша сипаттамасы (ақы төлеу бойынша нұсқау, қаражат қозғалысының схемасы және басқасы) _____

8. Агент (оператор, ұйымдастырушы) туралы мәліметтер (бар болса):

резидент ____ бейрезидент ____ (белгіленсін)

атауы _____

резиденттің БСН _____

бейрезиденттің тіркелген елі, тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі (бар болса)

9. Қаражаттың түсу және берешекті өтеу кестесі

шарт валютасының мың бірлігі

Қарыз алушыға кредиті бойынша қаражат түсуі		Қарыз алушының кредитке қызмет көрсетуі бойынша төлемдер		
күні	сомасы	күні	негізгі борышты өтеу	сыйақыны төлеу
А	1	Б	2	3
ЖИЫНТЫҒЫ		ЖИЫНТЫҒЫ		
оның ішінде өтініш беру күні		оның ішінде өтініш беру күні		

10. Ескертпе _____

2-бөлім. Капиталға қатысу, бағалы қағаздармен, қатысу үлестерімен және туынды қаржы құралдарымен операциялар

1. Операция түрі (белгіленсін):

- 1) _____ бейрезиденттің капиталына қатысу;
- 2) _____ резиденттің капиталына қатысу;
- 3) _____ бейрезидент эмитенттердің борыштық бағалы қағаздарымен операциялар;
- 4) _____ резидент эмитенттердің борыштық бағалы қағаздарымен операциялар;

- 5) _____ депозитарлық қолхаттармен операциялар;
- 6) _____ туынды қаржы құралдарымен операциялар;
- 7) _____ бейрезидент үшінші тұлғаның капиталына қатысуды сатып алу-сату операциялары;
- 8) _____ резидент үшінші тұлғаның капиталына қатысуды сатып алу-сату операциялары.

2. Валюталық шарттың резидент басқа қатысушылары:

жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН, заңды тұлғаның атауы, БСН

3. Валюталық шарттың бейрезидент қатысушылары:

жеке тұлға үшін: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), тұрақты тұратын елі (елдері)

азаматтығы елі (елдері) (егер тұрақты тұратын елімен сәйкес келмейтін болса, толтырылады)

заңды тұлға үшін: атауы, тіркелген елі, тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі (бар болса)

4. Валюталық шарттың сомасы _____
(валюталық шарттың валютасында)

5. Шарт валютасы _____

6. Бейрезиденттің резидентке қатысы (3), 4) операция түрлері үшін толтырылады):

1) _____ бейрезиденттің резиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10 (он) пайызын және одан астамын тікелей иелік етуі;

2) _____ бейрезиденттің резиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10 (он) пайызын және одан астамын жанама иелік етуі;

3) _____ резиденттің бейрезиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10 (он) пайызын және одан астамын тікелей иелік етуі;

4) _____ резиденттің бейрезиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10 (он) пайызын және одан астамын жанама иелік етуі;

5) _____ резидент және бейрезидент бір-біріне ешқандай бақылау жасай алмайды және әсер ете алмайды, бірақ резиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының кемінде 10 (он) пайызын тікелей немесе жанама иелік ететін бір инвестордың

бақылауында немесе ықпалында болады;

б) _____ өтініштің осы тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілмеген жағдайлар.

7. Өтініш берілген күні валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау:

Жөнелтуші	Бенефициар	Күні	Міндеттемелерді орындау түрі	Сомасы, мың бірлік	Валютасы

8. Инвестор туралы мәліметтер (егер өтініш беруші инвестор болып табылса, толтырылмайды):

резидент _____ бейрезидент _____ (белгіленсін)

жеке тұлға үшін: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), резиденттің ЖСН, бейрезиденттің тұрақты тұратын елі (елдері) _____

_____ бейрезиденттің азаматтығының елі (елдері) (егер тұрақты тұратын елімен сәйкес келмейтін

болса, толтырылады) _____

_____ заңды тұлға үшін: атауы, резиденттің БСН, бейрезиденттің тіркелген елі, бейрезиденттің

тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі (бар болса) _____

9. Сатушы туралы мәліметтер (егер өтініш беруші сатушы болып табылса, толтырылмайды):

резидент _____ бейрезидент _____ (белгіленсін)

жеке тұлға үшін: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), резиденттің ЖСН, бейрезиденттің тұрақты тұратын елі (елдері) _____

_____ бейрезиденттің азаматтығы елі (елдері) (егер тұрақты тұратын елімен сәйкес келмейтін болса, толтырылады) _____

_____ заңды тұлға үшін: резиденттің атауы, БСН, бейрезиденттің тіркелген елі, бейрезиденттің

тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі (бар болса) _____

10. Инвестициялау объектісі туралы мәліметтер (егер өтініш беруші инвестициялау объектісі

болып табылса, толтырылмайды):

резидент _____ бейрезидент _____ (белгіленсін)

резиденттің атауы, БСН, бейрезиденттің тіркелген елі, бейрезиденттің тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі (бар болса)

11. Инвестициялау объектісінің капиталы (капиталға қатысу операциялары бойынша толтырылады):

		Валюталық шарт бойынша операция жүргізілгенге дейін		Валюталық шарт бойынша операция жүргізілгеннен кейін	
		сомасы	валютасы	сомасы	валютасы
1.	Инвестициялау объектісінің жарғылық капиталы, құрылтай құжаттары бойынша валютаның мың бірлігі				
1.1	оның ішінде инвесторлар бойынша				
2.	Инвестициялау объектісінің капиталы (жарғылықтан өзгеше), құн бойынша көрсетудегі пайлар, валютаның мың бірлігі				
2.1	оның ішінде инвесторлар бойынша				
3.	Инвестордың (инвесторлардың) инвестициялау объектісі капиталындағы үлесі, %-бен				
3.1.	оның ішінде инвесторлар бойынша				

12. Инвестициялау объектісінің акциялары туралы ақпарат (акциялармен операцияларды жүзеге асырған жағдайда толтырылады):

Акцияның түрі (жай, артықшылық берілген,			Шығару (орналасты
--	--	--	-------------------

дауыс беру құқығы бар, дауыс беру құқығы жоқ)	Халықаралық сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ISIN)	Бір бағалы қағаздың номиналдық құны немесе орналастыру бағасы (валюта бірлігі)	р у) валютасы
		Валюталық шарт бойынша операция жүргізілгенге дейін	Валюталық шарт бойынша операция жүргізілгеннен кейін
		жай	артықшылық берілген
		жай	артықшылық берілген
1.	Инвесторға (инвесторларға) тиесілі акциялардың саны, данасы		
1.1	оның ішінде инвесторлар бойынша		

13. Борыштық бағалы қағаздар туралы мәліметтер:

ISIN _____
бағалы қағаздардың саны _____ дана
бір бағалы қағаздың номиналдық құны _____ валюта бірлігі
шығарылым валютасы _____

14. Инвестициялық қорлардың пайлары туралы мәліметтер:
қор түрі (акционерлік, пайлық, ашық, жабық, аралық, өзге (көрсетілсін)

басқарушы компания _____

(атауы, бейрезиденттің тіркелген елі, бейрезиденттің тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі (бар болса)

15. Туынды қаржы құралдары туралы мәліметтер:
туынды қаржы құралының түрі (белгіленсін):
_____ опцион, _____ форвард, _____ фьючерс, _____ өзге (ашып жазу)

туынды қаржы құралының базалық активінің атауы:

Бағалы қағаздың ISIN _____

16. Ескертпе _____

3-бөлім. Капитал қозғалысының басқа операциялары

1. Операция түрі (белгіленсін):

- 1) _____ жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алу;
- 2) _____ зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықты толық сатып алу;
- 3) _____ бірлескен қызметке қатысушының міндеттемелерін орындау;

- 4) _____ ақша мен өзге мүлікті сенімгерлік басқаруға, трастқа беру;
- 5) _____ клиенттерге тиесілі ақшаны есепке алу және сақтау үшін ақша мен қаржы құралдарын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының шотына беру;
- 6) _____ ақша мен өзге валюталық құндылықтарды өтеусіз беру.

2. Валюталық шарттың резидент басқа қатысушылары:
жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН, заңды тұлғаның атауы, БСН

3. Валюталық шарттың бейрезидент қатысушылары:
жеке тұлға үшін: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), тұрақты тұратын елі (елдері)

азаматтығы елі (елдері) (егер тұрақты тұратын елімен сәйкес келмейтін болса, толтырылады)

заңды тұлға үшін: атауы, тіркелген елі, тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі (бар болса)

4. Валюталық шарттың сомасы _____
(валюталық шарттың валютасында)

5. Шарт валютасы _____

6. Өтініш берілген күні валюталық шарт бойынша ұсынылған ақша және өзге мүлік:

Жөнелтуші	Бенефициар	Күні	Міндеттемелерді орындау түрі	Сомасы, мың бірлік	Валютасы

7. Ескертпе _____

4-бөлім. Шетелдік банктегі шот

1. Шот түрі (белгіленсін):

1) _____ резиденттің, Қазақстан Республикасында орналасу орнымен резидент филиалдың (өкілдіктің) ағымдағы шоты;

2) _____ Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасу орнымен резидент филиалдың (өкілдіктің) ағымдағы шоты;

3) _____ резидент салымы;

4) _____ резиденттің аллокирленбеген металл шоты;

5) _____ өзгелері (толық жазылсын) _____

2. Шот ашқан резиденттің филиалы (өкілдігі) _____

(атауы, елі, мекенжайы)

3. Шетелдік банк _____

(атау, мекенжайы, ақпаратты аудару және төлемдерді жасау халықаралық банкаралық жүйедегі нөмірі (SWIFT) және өзге банктік деректемелері)

4. Шот нөмірі _____

Шот валютасы _____

5. Шот талаптары (бар болса):

Шот бойынша сыйақы (мүдделік) мөлшерлемесі (жылдық %)

(өзгермелі пайыздық мөлшерлеме жағдайында, оны есептеу негізі мен маржа мөлшері көрсетіледі)

_____ овердрафт рұқсат етіле ме (осы шот шеңберінде шетелдік банктің кредиттеуі)

_____ басқалары (толық жазылсын) _____

6. Ескерте _____

"Өтініш" нысанына
қосымша

"Өтініш" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. 1, 2, 3 және 4-бөлімдер капитал қозғалысы, шетелдік банктегі шот жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беруге арналған өтінішті ұсынған кезде толтырылады. Толтырылмаған бөлімдер ұсынылмайды.

Бірлескен қызмет туралы шарттың негізінде жай серіктестік (консорциум) құрылған жағдайда, резидент заңды тұлғаның осы операцияны өзінің бухгалтерлік балансында тануына сәйкес 2-бөлім немесе 3-бөлім толтырылады.

2. Бейрезидент жеке тұлғаның тұрақты тұратын елі шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген азаматтығы немесе құқығы негізінде толтырылады.

3. "Ескертпе" жолында егер валюталық шарттың сомасы тіркелмесе, валюталық шарт сомасының құралу тәсілін (тәртібін) қоса алғанда, өтініш беруші көрсету қажет деп есептейтін шарт талаптары көрсетіледі.

4. 1-бөлімнің 9-тармағында резидентке қаражаттың түсуі және оның валюталық шарт бойынша берешекті өтеуі туралы (бейрезиденттер резиденттерге ұсынған қаржылай қарыздар болған жағдайда), сондай-ақ бейрезидентке қаражаттың түсуі және оның берешекті өтеуі (резиденттер бейрезиденттерге ұсынған қаржылай қарыздар

болған жағдайда) туралы ақпарат шарт валютасының мың бірлігінде көрсетіледі. Егер қарыз мультивалюталық болса, сома Америка Құрама Штаттарының мың долларымен көрсетіледі.

А бағанында қаражаттың ақшалай нысанда және сол сияқты тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет нысанында түсуінің нақты және (немесе) болжамды (болашақтағы) күні, ал 1-бағанда нақты және (немесе) болжамды (болашақтағы) түсімдер сомасы көрсетіледі. Егер шарт сомасы келісілмесе, онда 1-бағанда тек қаражаттың нақты түсуі туралы ақпарат көрсетіледі.

Берешекке қызмет көрсету бойынша төлемдер (ақшалай және басқа да нысандардағы) туралы ақпарат Б-бағанында, 2 және 3-бағандарда көрсетіледі. Б бағанында төлем жүргізудің нақты және (немесе) болжамды (болашақтағы) күні көрсетіледі. 2 және 3-бағандарда негізгі борышты өтеу және тиісінше сыйақы төлеу көрсетіледі. Егер валюталық шартта өзгеше көзделмесе, өзгермелі пайыздық мөлшерлеме жағдайында сыйақы төлеудің болжамды сомасы өтініш (хабарлама) берілген күнгі базаның мәніне қарай есептеледі.

Резидент немесе бейрезидент аванстық төлемдер жүргізген жағдайда, төлем жүргізудің тиісті күні мен сомасы Б және 2-бағандарда көрсетіледі.

1 және 2-бағандардағы қорытынды сомалар өзара және шарт сомасына немесе егер шарт сомасы келісілмесе, өтініш беру күніне нақты түскен қаражат сомасына тең болады.

Ұзарту үшін опцион болған кезде Б бағанында негізгі шартта белгіленген өтеу мерзімі көрсетіледі.

Есептік тіркеу үшін өтініш берілген кезге дейін жүргізілген валюталық операциялардың жалпы сомасы "оның ішінде өтініш беру күні" жолының тиісті бағандарында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларының 15-тармағына сәйкес жаңа есептік нөмір алынған жағдайда, шарт бойынша міндеттемелердің нақты орындалуын "оның ішінде өтініш беру күні" деген жолда ғана көрсетуге болады.

5. 2-бөлімнің 1-тармағында көрсетілген операциялардың түрлері бойынша 2-бөлімнің мынадай тармақтары:

капиталға қатысу операциялары бойынша – 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 14-тармақтар;

борыштық бағалы қағаздармен операциялар бойынша – 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 және 13-тармақтар;

туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша – 2, 3, 4, 5, 7 және 15, ал бағалы қағаз базалық активі болса – қосымша 10, 11, 12, 13 және 14-тармақтар толтырылады.

6. 2-бөлімнің 7-тармағында және 3-бөлімнің 6-тармағында "Міндеттемелерді орындау түрі" деген баған бойынша валюта шарт бойынша міндеттемелерді орындау түрі көрсетіледі:

- 1) төлемдер және (немесе) ақша аударымдары түрінде;
- 2) тауарлар жеткізу (жұмысты орындау, қызмет көрсету) түрінде;
- 3) активті (бағалы қағаздарды, қатысу үлесін, инвестициялық қорлардың пайларын, жылжымайтын мүлікті, зияткерлік меншік объектісіне құқықты, талдауды талап ететін активтің өзге түрлерін) беру түрінде;
- 4) өзгесі (талдауды талап ететін).

7. 4-бөлімнің 1-тармағында шоттың түрі көрсетіледі. Шетелдік банкте шот ашылған жағдайда, резиденттің Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасқан орны бар филиалы (өкілдігі) бойынша осындай филиалдың (өкілдіктің) деректемелері көрсетіледі.

4-бөлімнің 3-тармағында шот ашылған шетелдік банктің деректемелері көрсетіледі. 4-бөлімнің 4 және 5-тармақтарында шоттың деректемелері (нөмірі, валютасы) мен талаптары көрсетіледі.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
мониторингтеу қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.02.2023 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
мониторингтеу қағидаларына
3-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.02.2023 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұсынылады: есептік нөмір беру орны бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына ұсынылады

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет ресурсында орналастырылған

Қаржылай қарызды игеру және қызмет көрсету туралы есеп

Әкімшілік дереккөздер нысанының индексі: ПР-К/Ә-3

Кезеңділік: тоқсан сайын

Есепті кезең: _____ жылғы _____ тоқсан

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: резидент

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне (қоса алғанда) дейін

Нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептік нөмірі _____

Шарттың валютасы _____

валюталық шарт валютасының мың бірлігі

Жолдар коды	Көрсеткіштердің атауы	Барлығы	оның ішінде ақша түрінде
		1	2
10	Есепті кезеңде кредит бойынша сыйақы есептелетін мөлшерлеме (жылдық %)		X
1-бөлім. Негізгі борыш бойынша мәліметтер			
1-бөлік. Қарыз алушының кредиторға талаптары - берілген аванстар (алдын ала ақы)			
11	Есепті кезеңнің басында берілген аванстар (алдын ала ақы)		X
12	Есепті кезеңде қарыз алушы кредиторға берген аванстар (алдын ала ақы)		
13	Есепті кезеңде қарыз алушыға кредитор өтеген аванстар (кредитор қарыз алушыға кредит бойынша қаражат ұсынды)		
14	Аванс бойынша басқа да өзгерістер (+)/(-)		
15	Есепті кезеңнің соңында берілген аванстар (алдын ала ақы) $(=(11)+(12)-(13)+(14))$		X
2-бөлік. Қарыз алушының кредитор алдындағы міндеттемелері			
16	Есепті кезеңнің басындағы негізгі борыш бойынша берешек		X
17	оның ішінде мерзімі өткен берешек		X
Есепті кезеңдегі өзгерістер:			
18	Резидентті басқа резидентке (бейрезидентті басқа		X

	бейрезидентке) ауыстыру арқылы борыштың ұлғаюы		
19	Резидентті бейрезидентке (бейрезидентті резидентке) ауыстыру арқылы борыштың ұлғаюы		X
20	Кредитор қарыз алушыға кредит бойынша қаражат ұсынды		
21	С ы й а қ ы капиталдандырылды (=51)		X
22	Қарыз алушы кредиторға қарызды өтеді		
22a	оның ішінде мерзімінен бұрын		
23	Борышты қарыз алушының өзге де шарттар бойынша кредиторға қойылатын талаптарымен өзара есепке алуы		
24	Кредитордың қарыз алушының борышын кешіруі		X
25	Борыш капиталға қатысу құралдарына (қарыз алушы және (немесе) үшінші тұлғалардың), қарыз алушының жылжымайтын мүлкіне және өзге активіне ауыстырылды		X
26	Борыш қарыз алушының борыштық бағалы қағаздарына, қарыз алушының тауарды жеткізуіне және өзге де борыштық міндеттемелеріне ауыстырылды		X
27	Резидентті басқа резидентке (бейрезидентті басқа бейрезидентке) ауыстыру арқылы борыштың азаюы		X
28	Резидентті бейрезидентке (бейрезидентті		X

	резидентке) ауыстыру арқылы борыштың азаюы		
29	Басқа негіздемелер бойынша жаңа есептік нөмір алғандықтан борышты тасымалдау (+)/(-)		X
30	Борыш есептен шығарылды		X
31	Борыш бойынша басқа өзгерістер (+)/(-) (толық жазу)		
32	Кредиттің игерілмеген бөлігі жойылды		X
33	Есепті кезеңнің соңындағы негізгі борыш бойынша берешек $(= (16) + (18) + (19) + (20) + (21) - (22) - (24) - (25) - (26) - (27) - (28) + (29) - (30) + (31))$		X
34	оның ішінде мерзімі өткен берешек		X
2-бөлім. Сыйақы бойынша мәліметтер			
1-бөлік. Қарыз алушының кредиторға талаптары - берілген аванстар (алдын ала ақы)			
41	Есепті кезеңнің басындағы қарыз алушының кредиторға талаптары		X
42	Есепті кезеңде қарыз алушы кредиторға берген аванстар (алдын ала ақы)		
43	Есепті кезеңде өтелген аванстар (сыйақы есептелді)		X
44	Аванс бойынша басқа өзгерістер (+)/(-)		
45	Есепті кезеңнің соңындағы қарыз алушының кредиторға талаптары $(= (41) + (42) - (43) + (44))$		X
2-бөлік. Қарыз алушының кредитор алдындағы міндеттемелері			
46	Есепті кезеңнің басындағы сыйақы бойынша берешек		X
47	оның ішінде мерзімі өткен берешек		X
Есепті кезеңдегі өзгерістер:			

48	Сыйақының резидентті басқа резидентке (бейрезидентті басқа бейрезидентке) ауыстыру арқылы ұлғаюы		X
49	Сыйақының резидентті бейрезидентке (бейрезидентті резидентке) ауыстыру арқылы ұлғаюы		X
50	Есепті кезеңде сыйақы есептелді		X
51	Есепті кезеңде сыйақы капиталдандырылды		X
52	Төленген сыйақы, басқа шарттар бойынша қарыз алушының кредиторға қойған талаптарымен сыйақыны өзара есепке алуы		
53	оның ішінде мерзімінен бұрын		
54	Кредитордың қарыз алушыға сыйақысын кешіруі, оның ішінде сыйақы мөлшерлемесін төмендету арқылы		X
55	Сыйақы капиталға қатысу құралдарына (қарыз алушы және (немесе) үшінші тұлғалардың), қарыз алушының жылжымайтын мүлкіне және өзге активіне ауыстырылды		X
56	Сыйақы қарыз алушының борыштық бағалы қағаздарына, қарыз алушының тауарды жеткізуіне және өзге де борыштық міндеттемелеріне ауыстырылды		X
57	Сыйақының резидентті басқа резидентке (бейрезидентті басқа бейрезидентке) ауыстыру арқылы азаюы		X
	Сыйақының резидентті бейрезидентке (

58	бейрезидентті резидентке) ауыстыру арқылы азаюы		X
59	Басқа негіздемелер бойынша жаңа есептік нөмір алғандықтан сыйақыны тасымалдау (+)/(-)		X
60	Сыйақы есептен шығарылды		X
61	Сыйақы бойынша басқа өзгерістер (+)/(-) (толық жазу)		
62	Есепті кезеңнің соңындағы сыйақы бойынша берешек (=46) + (48) + (49) + (50) - (51) - (52) - (54) - (55) - (56) - (57) - (58) + (59) - (60) + (61), оның ішінде:		X
63	мерзімі өткен берешек		X
64	салықтар бойынша берешек		
3-бөлім. Қарыз алушы төлейтін ілеспе төлемдер бойынша мәліметтер			
69	Есепті кезеңнің басындағы төленбеген комиссиялық төлемдер, айыппұлдар және қарыз алушы төлейтін басқа да төлемдер		X
70	Қарыз алушы есепті кезеңде комиссиялар, айыппұлдар және шарттың талаптарында қарыз алушының төлеуі көзделген басқа да төлемдер төледі		
71	Қарыз алушыға есепті кезеңде комиссиялар, айыппұлдар және шарттың талаптарында қарыз алушының төлеуі көзделген басқа да төлемдер кешірілді		X
72	Есепті кезеңде комиссиялар, айыппұлдар және шарттың талаптарында қарыз алушының төлеуі		X

	көзделген басқа да төлемдер есептен шығарылды		
73	Қарыз алушы есепті кезеңде айыппұлдарды және қарыз алушыға соттар мен басқа да мемлекеттік мекемелер салған басқа да төлемдерді төледі		
74	Қарыз алушының басқа да төлемдері (толық жазу)		
75	Қарыз алушының басқа да операциялары, басқа да өзгерістер (толық жазу)		
76	Есепті кезеңнің соңындағы төленбеген комиссиялар, айыппұлдар, қарыз алушы төлейтін басқа да төлемдер		X
4-бөлім. Қарыз алушыға төленетін ілеспе төлемдер бойынша мәліметтер			
79	Есепті кезеңнің басындағы төленбеген комиссиялық төлемдер, айыппұлдар және қарыз алушыға төленетін басқа да төлемдер		X
80	Есепті кезеңде комиссиялар, айыппұлдар, шарттың талаптарында қарыз алушыға төленуі көзделген басқа да төлемдер қарыз алушыға төленді		
81	Қарыз алушы есепті кезеңде комиссияларды, айыппұлдарды, шарттың талаптарында қарыз алушыға төленуі көзделген басқа да төлемдерді кешірді		X
82	Есепті кезеңде комиссиялар, айыппұлдар, шарттың талаптарында қарыз алушыға төленуі көзделген басқа да		X

	төлемдер есептен шығарылды		
83	Қарыз алушыға есепті кезеңде айыппұлдар және қарыз берушіге соттар мен басқа да мемлекеттік мекемелер салған басқа да төлемдер төленді		
84	Қарыз алушыға басқа төлемдер (толық жазу)		
85	Қарыз алушының пайдасына басқа да операциялар, басқа да өзгерістер (толық жазу)		
86	Есепті кезеңнің соңында төленбеген комиссиялар, айыппұлдар, қарыз алушы алуға арналған басқа да төлемдер		X

Ескертпе: _____

Резидент _____

_____ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), заңды тұлғаның атауы)

Жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

_____ тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефон

Басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

_____ тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефон

Есепке қол қойылған күн 20 ____ жылғы " ____ " _____

Қаржылай қарызды игеру
және қызмет көрсету туралы
есеп нысанына
қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме Қаржылай қарызды игеру және қызмет көрсету туралы есеп (индексі – ПР-К/Э-3, кезеңділігі – тоқсан сайын) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Қаржылай қарызды игеру және қызмет көрсету туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды Қазақстан Республикасының резиденттері есептік нөмір берілген қаржылай қарыздың валюталық шарттары бойынша тоқсан сайын ұсынады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам (заңды тұлғалар үшін) және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

5. 1-бағанда төлемдер және (немесе) ақша аударымдары, тауарлар жеткізу (жұмысты орындау, қызмет көрсету), активтерді беру, міндеттемелерді өзгеше орындау түрінде қаржылай қарызды игеру және қызмет көрсету, 2-бағанда төлемдер және (немесе) ақша аударымдары түрінде ғана көрсетіледі.

6. Коды 10-жолда есепті кезеңде орташа алынған таза (салықтарды есептемегендегі) кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі (жылдық %) көрсетіледі. Сыйақы мөлшерлемесі жүз үлеске дейін дөңгелектей отырып, сан түрінде көрсетіледі. Егер кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі өзгермелі болса, онда мөлшерлеменің есепті кезеңдегі базалық мәнін пайдалану керек. Егер кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі нөлдік болса, онда нөлдік мәндері қойылады.

Егер Нысан нөлдік мәнмен ұсынылса коды 10-жол толтырылмайды.

7. 1, 2, 3 және 4-тарауларда сомалар валюталық шарт валютасының мың бірлігімен көрсетіледі. Егер қарыз мультивалюталық болса сомалар мың Америка Құрама Штаттарының долларымен көрсетіледі. Пайда болған бағамдық айырма басқа да өзгерістерде көрсетіледі (кодтары 14, 31, 44, 61, 75 және 85-жолдар).

1-бөлімде негізгі борышты игеру мен өтеу бойынша ақпарат, 2-бөлімде сыйақы (егер сыйақы валюталық шартта көзделсе) есептеу мен төлеу бойынша ақпарат, 3, 4-бөлімдерде 1, 2-бөлімдерде көрсетілмеген өзге операциялар бойынша (бар болса): 3-бөлімде қарыз алушының өзінің операциялары бойынша, 4-бөлімде қарыз алушының пайдасына операциялар бойынша ақпарат көрсетіледі.

Сыйақыға салық бойынша ақпарат 2-тарауда, басқа салықтар бойынша 3,4-тарауларда көрсетіледі.

1, 2-бөлімдер қарыз алушының кредиторға талаптарын (бар болса) (1-бөлік) және қарыз алушының кредитордың алдындағы міндеттемесін (2-бөлік) қамтиды.

Қарыз алушының кредиторға негізгі борыш (сыйақы) бойынша берілген аванстары (алдын ала ақылар) бар болса (1-бөлік), қарыз алушының кредитор алдындағы міндеттемелер туралы ақпарат (2-бөлік) аванстар толық өтелгеннен кейін толтырылады.

8. Есепті кезеңнің басындағы берешек (кодтары 11, 16, 17, 41, 46, 47, 69 және 79-жолдар) өткен есепті кезеңнің соңындағы берешекке (кодтары 15, 33, 34, 45, 62, 63, 76 және 86-жолдар, тиісінше) тең. Берешек салықтар бойынша берешекті қоса отырып көрсетіледі.

9. Борышты өтеу (коды 22-жол) ақша, тауарлар, жұмыстар (көрсетілетін қызметтер) түрінде өтеуді қамтиды.

Қаражатты (борыш, сыйақы, комиссиялар, айыппұлдар және басқа төлемдер – кодтары 24, 54, 71 және 81-жолдар) кешіру ретінде қарыз алушы өтемеген борыштық міндеттеменің кредитор мен қарыз алушының уағдаластығы негізінде ішінара немесе толық ерікті түрде азаюы танылады.

Қаражатты (борыш, сыйақы, комиссиялар, айыппұлдар және басқа төлемдер – кодтары 30, 60, 72 және 82-жолдар) есептен шығару дегеніміз мыналарды білдіреді:

1) резиденттің бейрезидент жойылған (қайтыс болған) жағдайда қаражатты (баланстан тыс) біржақты тәртіппен есептен шығаруы;

2) резидент заңды тұлғаның банкроттығы кезінде қаражатты өтелген деп тану (таратылған резиденттің мүлігінің жетіспеушілігінен қанағаттандырылмаған, тарату балансы бекітілгенге дейін мәлімделмеген кредитор бойынша, тарату комиссиясы танымаған кредитордың талаптары);

Қарыз алушының (кредитордың) резиденттігі өзгерген кезде қарыз алушы мен кредитор арасындағы міндеттемелер есепте есептен шығарылғандар ретінде (кодтары 30, 60, 72 және 82-жолдар) көрсетіледі.

Кредиттің игерілмеген бөлігін жою (коды 32-жол) дегеніміз қарыз алушының алмаған (игерілмеген) валюталық шартта көзделген кредиттік қаражатының бір бөлігінің азаюын білдіреді.

10. Кодтары 18, 19, 27, 28, 48, 49, 57 және 58-жолдар шартқа қатысушылар өзгерген кезде, оның ішінде бұрын Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18544 болып тіркелген, "Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларының (бұдан әрі – Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидалары) 15-тармағының 2) тармақшасына сәйкес берілгеннің орнына жаңа есептік нөмір берілген кезінде толтырылады:

кодтары 18, 27, 48 және 57-жолдар – талап ету құқығын басқаға беру (борышты аудару) немесе өзге де келісімдер нәтижесінде бастапқы кредитор және жаңа кредитор (бастапқы борышкер және жаңа борышкер) бірмезгілде резиденттер болып табылса немесе бірмезгілде бейрезиденттер болып табылса;

кодтары 19, 28, 49 және 58-жолдар – талап ету құқығын басқаға беру (борышты аудару) немесе өзге де келісімдер нәтижесінде бастапқы кредитор және жаңа кредитор (бастапқы борышкер және жаңа борышкер) резидент (бейрезидент) және бейрезидент (резидент) болып табылса.

Кодтары 29, 59-жолдар – бұрын Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидалары 15-тармағының 1), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген негіздемелер бойынша берілген есептік нөмірдің орнына жаңа есептік нөмір берілгенде толтырылады.

11. Коды 50-жол бойынша осы сыйақыдан салықты қоса алғанда, есепті кезеңде есептелген сыйақы көрсетіледі. Есепті кезеңде нақты төленген салық есепті кезеңде нақты төленген сыйақымен бірге коды 52-жол бойынша көрсетіледі. Бұл ретте есепті кезеңде төленген салық есепті кезеңнен бұрын есептелген сыйақыға жатқызылуы мүмкін.

2-бағанда ақша түріндегі сыйақы мен салықтың нақты төлемі көрсетіледі.

Есепті кезеңде тек сыйақыны төлемей салықты төлеу кезінде салықты төлеу 1-бағанда және 2-бағанда көрсетілуге тиіс.

12. Ақшаны қайтару (төлемді орындамай қайтару) басқа да өзгерістерде (кодтары 31, 61, 74 және 84-жолдарда) көрсетіледі.

13. Кодтары 25, 26, 31, 55, 56, 61, 74, 75, 84 және 85-жолдар Нысанға ескертпеде, оның ішінде активтің және (немесе) қарыз алушының борыштық міндеттемелерінің сипаттамасына талдаманы қажет етеді.

14. Есепті кезеңде ақпарат болмаған жағдайда Нысан нөлдік мәндермен беріледі.

15. Нысанға түзетулер (өзгерістер, толықтырулар) Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларының 24-тармағында белгіленген ұсыну мерзімінен кейін 6 (алты) ай ішінде енгізіледі.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
мониторингтеу қағидаларына
4-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.02.2023 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұсынылады: есептік нөмір беру орны бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына ұсынылады

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет ресурсында орналастырылған

Инвестициялау объектісінің капиталына қатысу туралы есеп

Әкімшілік дереккөздер нысанының индексі: ПР-И/Г-4

Кезеңділік: тоқсан сайын

Есепті кезең: _____ жылғы _____ тоқсан

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: резидент

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне (қоса алғанда) дейін

Нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептік нөмірі _____

мың Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) доллары

Жолдар коды	Көрсеткіштердің атауы	Инвестордың атауы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)		
		1	2	...
А	Б			
1-бөлік. Инвесторлардың инвестициялау объектісінің капиталына қатысуы				
10	Есепті кезеңнің басындағы жинақталған құн			
20	Есепті кезеңде өзгеруі (+ұлғаю/-азаю) (21) + (22) + (23) + (24) + (25) + (26) + (27) + (28) + (29) + (30) + (31) + (32) + (33) + (34) + (35)			
	оның ішінде мыналардың есебінен:			
21	ақша түсімі (+)/ алу (-)			
22	жабдықтың, тауардың және өзге мүліктің түсуі (+)/ алынуы (-)			
23	материалдық емес активтердің түсуі (+)/ алынуы (-)			
24	коммерциялық кредиттер және қаржы қарыздары бойынша берешек			

	есебінен жарғылық капиталдың ұлғаюы (+)/азаюы(-)			
25	жарғылық капиталға дивидендтер есептеу (дивидендтерді акциялармен төлеу) (+)			
26	өткен жылдардың бөлінбеген кірісі есебінен жарғылық капиталдың, резервтік капиталдың немесе капиталдың басқа баптарының + ұлғаюы/-азаюы			
27	жылжымайтын мүлікті енгізу(+)/ алуы (-)			
28	бейрезидент-эмитенттердің бағалы қағаздарын (вексельді қоса) енгізу (+)/ алу (-)			
29	резидент эмитенттердің бағалы қағаздарын енгізу (+)/алу (-)			
30	резиденттің резидентке (бейрезиденттің бейрезидентке) қатысу үлесін сатып алу (+)/сату (-)/ сыйға тарту (+/-)			
31	жаңа есептік нөмір алу (+)/(-)			
32	бағамдық айырма (+)/(-)			
33	баға өзгерістері (+)/(-)			
34	инвестициялау объектісін жою (-), қайта ұйымдастыру (+/-) кезінде есептен шығару			
	резиденттің бейрезидентке (

36	бейрезиденттің резидентке) қатысу үлесін сыйға тарту (+/-)			
37	резиденттің бейрезидентке (бейрезиденттің резидентке) қатысу үлесін сатып алу (+) /сату (-)			
38	басқалар (толық жазу)			
39	Есепті кезеңнің соңындағы жинақталған құн (10) + (20)			
40	Инвестордың есепті кезеңнің соңындағы жарғылық капиталға үлесі, %			
41	Есепті кезеңде жарияланған дивидендтер			
50	Есепті кезең үшін төленген (алынған) дивидендтер, төленген (төлеуге жататын) салықты қоса: (51)+(52)+(53), оның ішінде			
51	ақша түрінде			
52	акциялар түрінде (қатысу үлесімен)			
53	өзге (толық жазу)			
54	Төлем көзінен ұсталатын инвестордың табысынан табыс салығын төлеу бойынша есепті кезеңнің аяғындағы берешек			
Инвестициялау объектісінің акцияларды, қатысу үлестерін сатып алу (сату) бойынша есеп айырысулары туралы ақпарат				
2-бөлік. Резиденттің бейрезидентке қоятын талаптары				
60	Есепті кезеңнің басындағы			

	бейрезиденттің резидент алдындағы берешегі	
61	Есепті кезеңде берешектің ұлғаюы, оның ішінде:	
61.1	резиденттің алдын ала ақы төлеуі	
61.2	төлем мерзімін кейінге қалдыра отырып инвестициялау объектісіне меншік құқығын бейрезидентке беру	
62	Есепті кезеңде берешекті өтеу, оның ішінде:	
62.1	инвестициялау объектісіне меншік құқығының резидентке өтуі	
62.2	бейрезиденттің ақы төлеуі	
63	Есепті кезеңдегі берешек бойынша басқа да өзгерістер (толық жазу)	
64	Есепті кезеңнің аяғындағы бейрезиденттің резидент алдындағы берешегі (= (60) + (61) – (62) + (63))	
3-бөлік. Резиденттің бейрезидент алдындағы міндеттемелері		
70	Есепті кезеңнің басындағы резиденттің бейрезидент алдындағы берешегі	
71	Есепті кезеңде берешектің ұлғаюы, оның ішінде:	
71.1	бейрезиденттің алдын ала ақы төлеуі	
71.2	төлем мерзімін кейінге қалдыра отырып инвестициялау	

	объектісіне меншік құқығын резидентке беру	
72	Есепті кезеңде берешекті өтеу, оның ішінде:	
72.1	инвестициялау объектісіне меншік құқығының бейрезидентке өтуі	
72.2	резиденттің ақы төлеуі	
73	Есепті кезеңдегі берешек бойынша басқа да өзгерістер (толық жазу)	
74	Есепті кезеңнің аяғындағы резиденттің бейрезидент алдындағы берешегі (= (70) + (71) – (72) + (73))	

Ескертпе: _____

Резидент _____

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), заңды тұлғаның атауы)
Жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефон
Басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефон
Есепке қол қойылған күн 20___ жылғы "___" _____

Инвестициялау объектісінің
капиталына қатысу туралы
есеп нысанына
қосымша

**Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме
Инвестициялау объектісінің капиталына қатысу туралы есеп (индексі – ПР-И/Г-4,
кезеңділігі – тоқсан сайын)**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Инвестициялау объектісінің капиталына қатысу туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды Қазақстан Республикасының резиденттері есепті нөмірі берілген инвестициялау объектісінің капиталына қатысудың валюталық шарттары бойынша тоқсан сайын ұсынады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам (заңды тұлғалар үшін) және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

5. Нысанды толтыру мақсаты үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) инвестициялау объектісі – акциялары, қатысу үлестері, пайлары сатып алынатын (сатып алынған) заңды тұлға, инвестициялық пай қоры, сондай-ақ мүлігіне мүлдіктік жарна енгізілетін (енгізілген) заңды тұлға, жай серіктестік, консорциум. Депозитарлық қолхаттармен операциялар жүргізілген жағдайда, базалық активі болып табылатын бағалы қағаздың эмитенті инвестициялау объектісі болып табылады;

2) инвестор - инвестициялау объектісіне меншік құқығы өтетін (өткен) жеке немесе заңды тұлға.

6. Нысан жарғылық капиталға (акцияларымен, қатысу үлестерімен, пайлармен), жарғылық капиталға қарағанда өзге капиталға қатысу операциялары бойынша ұсынылады.

Резиденттің инвестициялаудың бір объектісінің капиталына қатысу операциялары бойынша алған бірнеше есептік нөмірлер бойынша 1-бөлікті толтыруына рұқсат етіледі. Бұл жағдайда Нысан ұсынылатын барлық есептік нөмірлердің нөмірлері көрсетіледі.

7. Егер резидент заңды тұлға оның капиталына қатысу операциялары бойынша берілген есептік нөмірлерді алса, онда 1, 2-бағандарда және одан әрі 1-бөлікте жеке

тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), әрбір бейрезиденттің заңды тұлғасының атауы және оның резиденттің капиталына қатысуы туралы ақпарат жеке көрсетіледі.

Егер резидент берілген есептік нөмірлерді бейрезиденттің капиталына қатысу операциялары бойынша басқа резиденттермен бірлесе отырып алса, онда 1, 2-бағандарда және одан әрі 1-бөлікте 1 жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), әрбір резиденттің заңды тұлғасының атауы және оның бейрезиденттің капиталына қатысуы туралы ақпарат жеке көрсетіледі.

Инвестициялық объектіні сатып алушы мен сатушы арасындағы операциялар бойынша резиденттің бейрезидентке талабы болған жағдайда 1 және 2-бөліктер, резиденттің бейрезидентке міндеттемесі болған жағдайда 1 және 3-бөліктер толтырылады. Егер резидент берілген есептік нөмірлерді бейрезиденттен резидент үшінші тұлғаның акцияларын, капиталындағы қатысу үлестерін сатып алу (бейрезидентке сату) операциялары бойынша алған болса, онда 1-бөлік толтырылмайды.

8. Сомасы мың АҚШ долларымен көрсетіледі.

Есепті кезеңдегі операциялар олардың нақты құны бойынша көрсетіледі. Өзге валюталармен көрсетілген сомалар тиісінше операция жүргізілген күнгі немесе есепті кезеңнің аяғындағы валюта айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып, АҚШ долларына аударылады. Туындаған бағам айырмасы кодтары 32, 63 және 73-жолдар бойынша көрсетіледі.

Есепті кезеңнің басындағы қалдық (кодтары 10, 60 және 70-жолдар) әрбір баған бойынша есепті кезеңнің алдындағы кезеңнің соңындағы қалдыққа (тиісінше кодтары 39, 64 және 74-жолдар) тең.

9. Есепті кезеңдегі инвестициялау объектісінің капитал құнының ұлғаюы (+) белгісімен, капитал құнының азаюы (-) белгісімен көрсетіледі.

Коды 31-жол Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18544 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасындағы валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларының (бұдан әрі – Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидалары) 15-тармағына сәйкес бұрын берілген есептік нөмірдің орнына есептік нөмір берген кезде толтырылады.

Кодтары 36 және 37-жолдар бойынша үшінші тұлғалардан (үшінші тұлғаларға) инвестициялау объектісін, оның ішінде бөліп төлеп сатып алған (сатқан), сыйға тартқан жағдайда инвесторға (инвестордың) инвестициялау объектісіне меншік құқығын нақты бергені көрсетіледі.

Ақшаны қайтару (төлемді орындаусыз қайтару) коды 38-жолда көрсетіледі.

10. Коды 41-жол бойынша төлем көзінен осы дивидендтерден ұсталатын салықты қоса алғанда, есепті кезеңде жарияланған дивидендтер көрсетіледі.

Кодтары 51, 52 және 53-жолдар бойынша төлем көзінен ұсталатын және есепті кезеңде нақты төленген салық сомасымен есепті кезеңде инвесторларға нақты төленген дивидендтер көрсетіледі. Бұл ретте есепті кезеңде төленген салық есепті кезеңнен бұрын жарияланған дивидендтерге жатқызылуы мүмкін.

Есепті кезеңде дивидендтерді төлеусіз салықты ғана төлеген кезде салықты төлеу тиісті кодтары 51, 52 және 53-жолдарда көрсетілуі тиіс.

Салық бойынша берешек коды 54-жол бойынша көрсетіледі.

11. Кодтары 60, 61, 61.1, 61.2, 62, 62.1, 62.2, 63, 64, 70, 71, 71.1, 71.2, 72, 72.1, 72.2, 73 және 74-жолдар инвестор алдын ала төлем немесе төлемді кейінгі қалдырумен үшінші тұлғадан акцияларды, инвестициялау объектісінің қатысу үлестерін сатып алған (үшінші тұлғаға сатқан) кезде толтырылады. Резидентте бейрезидентке талаптар туындаған кезде 2-бөлік толтырылады. Резидентте бейрезидент алдында міндеттемелер туындаған кезде 3-бөлік толтырылады.

Тауарларды жеткізу (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету), өзге де ақшалай емес орындау түріндегі төлем Нысанға ескертпеде толық ашып жазуды талап етеді.

12. Кодтары 38, 63 және 73-жолдарды толтыру Нысанға ескертпеде толық ашып жазуды талап етеді.

13. Есепті кезеңде ақпарат болмаған жағдайда, Нысан нөлдік мәндермен ұсынылады

14. Нысанға түзетулер (өзгерістер, толықтырулар) Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларының 24-тармағында белгіленген ұсыну мерзімінен кейін 6 (алты) ай ішінде енгізіледі.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
мониторингтеу қағидаларына
5-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.02.2023 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұсынылады: есептік нөмір беру орны бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына ұсынылады

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет ресурсында орналастырылған

Міндеттемелердің орындалуы туралы есеп

Әкімшілік дереккөздер нысанының индексі: ПР-Д-5

Кезеңділік: тоқсан сайын

Есепті кезең: _____ жылғы _____ тоқсан

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: резидент

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне (қоса алғанда) дейін

Нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептік нөмірі _____

1-бөлім. Міндеттемелердің орындалуы туралы мәліметтер

р/с №	Міндеттемелердің орындалу түрі	Төлем белгілеу коды	Активтің аты	Жөнелтуші		Бенефициар		Күні	Валютасы	Сомасы, валютаның бірлігі	Ескертпе
				Резиденттік белгісі	Атауы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Резиденттік белгісі	Атауы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

2-бөлім. Жинақталған құн және кірістер туралы мәліметтер

мың Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) доллары

Жол коды	Көрсеткіштің атауы	Барлығы
А	Б	1
10	Есепті кезеңнің соңындағы жинақталған құн, оның ішінде мыналар түрінде:	
11	ақша	
12	бағалы қағаздар, қатысу үлестері, оның ішінде:	
12.1	акциялар, инвестициялық қорлардың пайлары, ақша нарығының қорлары	
13	жылжымайтын мүлік	
14	басқалары (толық ашып жазылсын)	
20	Резиденттің есепті кезеңдегі кірісі	
21	Бейрезиденттің есепті кезеңдегі кірісі	

Ескертпе: _____

Резидент _____

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), заңды тұлғаның атауы)

Жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефон
Басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефон
Есепке қол қойылған күн 20 ____ жылғы " ____ " _____

Міндеттемелердің орындалуы
туралы есеп нысанына
қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме
Міндеттемелердің орындалуы туралы есеп (индексі – ПР-Д-5, кезеңділігі – тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Міндеттемелерді орындау туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді.

3. Қазақстан Республикасының резиденттері Нысанды бағалы қағаздармен, туынды қаржы құралдарымен, жылжымайтын мүліктің меншік құқығымен, зияткерлік меншік объектілері, бірлескен қызмет құқығымен операцияларға есептік нөмірі берілген валюталық шарттар, сенімгерлік басқару, траст, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына ақша мен қаржы құралдарын беру, ақшаны және өзге де валюталық құндылықтарды өтеусіз беру, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан орны бар резидент филиалдарының (өкілдігінің) шоттары бойынша тоқсан сайын ұсынады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам (заңды тұлғалар үшін) және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

5. Нысанды толтыру мақсатында мына ұғымдар пайдаланылады:

1) бейрезидент эмитенттердің қызметкерлерге арналған бағалы қағаздарға опциондар бағдарламасы – резидент заңды тұлғаның қызметкерлері осы заңды тұлғаның инвесторы және (немесе) осы заңды тұлғаның инвесторларының инвесторы болып табылатын бейрезидент эмитенттерден бағалы қағаздардың келісілген санын сатып алатын бағдарлама;

2) бейрезидент эмитенттердің бағалы қағаздары – Қазақстан Республикасының және (немесе) бейрезидент эмитенттердің бағалы қағаздары базалық активтері болып табылатын депозиторлық қолхаттарды қоса алғанда, эмитент елінің заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар деп танылатын қаржы құралдары.

6. 1-бөлімде есепті кезеңде валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау туралы мәліметтер көрсетіледі.

2-бағанда валюталық шарт бойынша міндеттемелерді мынадай орындау түрі көрсетіледі:

1) төлемдер және (немесе) ақша аударымдары түрінде;

2) тауарларды жеткізу (жұмысты орындау, қызмет көрсету) түрінде;

3) активті (бағалы қағаздар, қатысу үлестері, инвестициялық қорлардың пайлары, жылжымайтын мүлік, зияткерлік меншік объектісіне арналған құқық, талдаманы қажет ететін активтің өзге түрлері) беру түрінде;

4) өзге (толық ашуды қажет ететін).

Егер міндеттемені орындау ақша түрінде жүзеге асырылатын болса, онда 3-бағанда төлем белгілеу коды көрсетіледі, 4-баған толтырылмайды, ал 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11-бағандарда ақша аударуға (алуға) арналған төлем құжаты негізінде ақша жөнелтуші, ақша бенефициары, төлем күні, төлем валютасы, төлем сомасы төлем валютасының мың бірлігімен көрсетіледі.

Төлемдер және (немесе) ақша аударымдары Нысанда салықты қоса алғанда көрсетіледі. Нысанда ақшаны қайтару (төлемді орындамай қайтару) көрсетіледі.

Егер міндеттемелерді орындау активті беру түрінде жүзеге асырылатын болса, онда 4-бағанда активтің атауы көрсетіледі, 3-баған толтырылмайды, ал 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11-бағандарда активті беруші тұлға, активті қабылдаушы тұлға, активті беру күні, актив құнының валютасы, актив құнының сомасы шарт валютасының мың бірлігімен актив құнының сомасы көрсетіледі.

Егер міндеттемелерді орындау жұмысты орындау, қызмет көрсету немесе өзге тәсілмен жүзеге асырылатын болса, онда 3, 4-бағандар толтырылмайды, ал 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11-бағандарда міндеттемені орындайтын тұлға, міндеттемелердің орындалуын

қабылдайтын тұлға, міндеттемелерді орындау күні, орындалған міндеттемелердің валютасы мен сомасы шарт валютасының мың бірлігімен көрсетіледі.

3, 5, 7-бағандар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына сәйкес толтырылады. 10-баған " Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес толтырылады.

Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасқан орны бар заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) шетелдік банкіндегі шоты бойынша Нысанды берген кезде Нысанда: заңды тұлға осы филиалға (өкілдікке) бұл шотқа жіберген, заңды тұлға осы филиалдан (өкілдіктен) бұл шоттан жіберген ақшаны ішкі корпоративтік аудару көрсетіледі.

7. 2-бөлімде есепті кезеңнің соңында жинақталған құн және есепті кезеңдегі кірістер туралы мәліметтер көрсетіледі.

2-бөлім мына жағдайларда толтырылады:

1) Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасқан орны бар заңды тұлғаның филиалына (өкілдігіне) ашылған шетелдік банктегі шот бойынша Нысанды ұсынған кезде: есепті кезеңнің соңында осы шотта ақша сомасының қалдығы, шетелдік банк резидентке есепті кезеңде осы шот бойынша есептеген сыйақы, оның ішінде салым (салымдар) қоса көрсетіледі;

2) шетелде жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алумен байланысты операциялар бойынша Нысанды ұсынған кезде: есепті кезеңнің соңындағы жылжымайтын мүліктің құны, резиденттің есепті кезеңдегі жылжымайтын мүліктен кірісі көрсетіледі;

3) ақша мен өзге мүлікті сенімгерлік басқаруға, трастқа берген кезде берілген мүліктің есепті кезеңнің соңындағы құны, резиденттің (бейрезиденттің) есепті кезеңдегі кірістері, оның ішінде мүлікті басқарғаны үшін кірістері көрсетіледі;

4) резидент заңды тұлға өзінің қызметкерлері үшін жасайтын бейрезидент эмитенттердің бағалы қағаздарына опциондар бағдарламасы бойынша қызметкерлердегі бейрезидент эмитенттердің бағалы қағаздарының жиынтық құны көрсетіледі;

5) клиенттердің тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларға клиенттерге тиесілі ақшаны есепке алу және сақтау шоттарына ақша мен қаржы құралдарын берумен байланысты операциялар бойынша есепті кезеңнің соңында берілген мүліктің құны, резиденттің (бейрезиденттің) есепті кезеңдегі кірістері көрсетіледі.

8. Есепті кезеңде ақпарат болмаған жағдайда, Нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.

9. Нысанға түзетулер (өзгерістер, толықтырулар) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18544 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларының 24-тармағында белгіленген ұсыну мерзімінен кейін 6 (алты) ай ішінде енгізіледі.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
мониторингтеу қағидаларына
6-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.08.2024 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қайда ұсынылады: есептік нөмір беру орны бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Шетелдік банктегі шоттағы ақша қозғалысы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: ПР-Ф-6

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: _____ жылғы тоқсан _____

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: резидент-заңды тұлға

Ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (онына) дейін (қоса алғанда)

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептік нөмірі _____

Шетелдік банктің атауы, елі _____

Шот валютасы _____

шот валютасының мың бірлігі

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	Ағымдағы шот	Салым, осы ағымдағы шот шеңберінде ашылған салым	
А	Б	1	2	...
10	Есепті кезеңде шот бойынша сыйақы есептелетін мөлшерлеме (жылдық %)			
11	Есепті кезеңнің басындағы қалдық			
20	Кезең ішінде түскен барлық ақша (21) + (31) + (32)			

	оның ішінде:			
21	бейрезиденттерден (22) + (23) + (24) + (25) + (26) + (27) + (28) + (29) + (30):			
22	тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) экспортынан түсім			
23	тартылған қаржылай қарыздар бойынша			
24	берілген қаржылай қарыздарды өтеуден			
25	капиталға қатысу бойынша (акцияларды, инвестициялық қорлардың пайларын қоса алғанда), оның ішінде бейрезидент брокер арқылы			
26	бағалы қағаздармен (акциялардан, пайлардан басқа) және туынды қаржы құралдарымен, оның ішінде бейрезидент брокер арқылы операциялар бойынша			
27	жылжымайтын мүлікті сатудан			
28	бірлескен қызметтен			
29	сыйақылар мен дивидендтер			
29a	оның ішінде осы шот бойынша сыйақы			
30	өзге де (толық жазылсын)			
31	резиденттерден			
32	валюталарды конвертациялауды қоса алғанда, басқа меншікті банктік шоттардан аудару			

	тәртібімен (33)+(34) +(35):			
33	уәкілетті резидент-банктерде гі банктік шоттардан			
34	салымдар бойынша сыйақыны қоса алғанда, шетелдік банктердегі салымдардан			
35	шоттар бойынша сыйақыны қоса алғанда, шетелдік банктердегі басқа да шоттардан			
40	Кезең ішінде жұмсалған ақша барлығы (41) + (42) + (52) + (53)			
	оның ішінде:			
41	өз филиалдары мен өкілдіктерін күтіп ұстауға			
42	бейрезиденттерге өзге де жұмсалған қаражат (43)+(44) +(45) + (46) + (47) + (48) + (49) + (50) + (51):			
43	тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) импортына			
44	тартылған қаржылай қарыздарды өтеуге			
45	қаржылай қарыздар беруге			
46	капиталға қатысу бойынша (акцияларды, инвестициялық қорлардың пайларын қоса алғанда), оның ішінде бейрезидент брокер арқылы			
	бағалы қағаздармен (акциялардан,			

47	пайлардан басқа) және туынды қаржы құралдарымен, оның ішінде бейрезидент брокер арқылы операциялар бойынша			
48	жылжымайтын мүлік сатып алуға			
49	бірлескен қызметке			
50	сыйақы мен дивидендтер төлеуге			
51	өзге де (толық жазылсын)			
	оның ішінде:			
51.1	шетелдік банк комиссиясы			
52	резиденттерге өзге де жұмсалған қаражат			
53	валюталарды конвертациялауды қоса алғанда, басқа меншікті банк шоттарына аудару тәртібімен (54) + (55) + (55a):			
54	уәкілетті резидент-банктердегі банк шоттарына			
55	шетелдік банктердегі салымдарға			
55a	шетелдік банктердегі басқа шоттарға			
56	Бағам айырмашылығына байланысты өзгерістер (+) / (-)			
60	Есепті кезеңнің соңындағы қалдық (11) + (20) - (40) + (56)			
70	Шетелдік банк осы банктік шот			

	бойынша есепті кезеңде есептеген сыйақы		
Овердрафт туралы ақпарат			
80	Есепті кезеңде овердрафт үшін сыйақы есептелетін мөлшерлеме (жылдық %-бен)		
81	Есепті кезеңнің басындағы қалдық		
82	оның ішінде овердрафт үшін сыйақы бойынша қалдық		
83	Банктің овердрафты ұсынуы (84) + (85) + (86) + (87)		
	оның ішінде:		
84	өз филиалдары мен өкілдіктерін ұстап тұруға		
85	бейрезиденттерге өзге де қаражат жұмсау		
86	резиденттерге өзге де қаражат жұмсау		
87	басқа меншікті банктік шоттарына аудару тәртібінде, оның ішінде валютаны конвертациялауды қоса		
88	Банк овердрафт үшін есепті кезеңде есептеген сыйақы		
89	Банкке овердрафты өтеу		
90	Банкке овердрафт үшін сыйақы төлеу		
91	Есепті кезеңдегі овердрафт бойынша өзге де өзгерістер (толық жазылсын)		
92	Есепті кезеңде сыйақыға бойынша өзге де өзгерістер (талдамасы)		

93	Есепті кезеңнің соңындағы қалдық (81) + (83) + (88) - (89) - (90) + (91) + (92)	
94	оның ішінде овердрафт сыйақысы бойынша қалдық (82) + (88) - (90) + (92)	

Ескертпе: _____

Резидент _____

(заңды тұлғаның атауы)

Бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____ қолы, телефоны

Есепке қол қойылған күн " ____ " _____ 20 ____ жыл

Ескертпе: нысан Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларына 6-қосымшаға сәйкес "Шетелдік банктегі шоттағы ақша қозғалысы туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
мониторингтеу қағидаларына
6-қосымшасына
қосымша

Шетелдік банктегі шоттағы ақша қозғалысы туралы есеп (индексі - ПР-Ф-6, кезеңділігі - тоқсан сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Шетелдік банктегі шоттағы ақша қозғалысы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғасы шетелдік банктегі шоттың есептік нөмірі бойынша тоқсан сайын ұсынады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам және орындаушы қол қояды.

2 тарау. Нысанды толтыру

5. 1-бағанда шетелдік банкте ашылған ағымдағы шот, салым, аллокирленбеген металл шот туралы ақпарат көрсетіледі.

Егер ағымдағы шот шеңберінде салым ашылатын болса, онда мұндай салым туралы ақпарат 2-бағанда көрсетіледі. Егер ағымдағы шот шеңберінде бірнеше салым ашылатын болса, онда мұндай салымдар туралы ақпарат әрбір салым бойынша жеке көрсетіледі.

6. Коды 10-жолда таза (салықтарды есепке алмағанда) есепті кезеңдегі ағымдағы шот, салым бойынша сыйақының орташа мөлшерлемесі (жылдық %), коды 80-жолда овердрафт бойынша сыйақының орташа мөлшерлемесі көрсетіледі. Сыйақы мөлшерлемесі жүздік үлеске дейін дөңгелектеніп сан түрінде көрсетіледі. Егер сыйақы мөлшерлемесі өзгермелі болса, онда есепті кезеңдегі мөлшерлеменің базалық мәні пайдаланылады. Егер сыйақы мөлшерлемесі нөл болса, онда нөлдік мән қойылады.

Егер Нысан нөлдік мәндермен берілсе, онда кодтары 10, 80-жолдар толтырылмайды.

7. Сوما шот (салым) валютасының мың бірлігімен көрсетіледі.

Мультивалюталық шоттар (салымдар), сондай-ақ аллокирленбеген металл шоттар бойынша сома мың теңгемен көрсетіледі. Өзге валюталармен көрсетілген сома тиісінше операция жүргізілген күнгі немесе есепті кезеңнің соңындағы валюта айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып, теңгеге аударылады. Туындайтын бағамдық айырма коды 56-жолда көрсетіледі.

8. Кодтары 34, 35, 55, 55а-жолдар толтырылған жағдайда ескертпеде одан (оған) ақша аударылатын шетел банкіндегі шоттың есептік нөмірі көрсетілуі тиіс.

9. Овердрафт туралы ақпарат шетелдік банк осындай овердрафт бойынша берілген есептік нөмірі болмаған жағдайда шотты ашу талаптарына сәйкес осы шот бойынша резидент заңды тұлғаға овердрафт ұсынған кезде толтырылады.

Шетелдік банк клиенттің шотында ақша жеткіліксіз болған немесе болмаған жағдайда оның есеп айырысу құжаттарын төлеуі үшін клиенттің шотын кредиттеуі овердрафтты білдіреді. Овердрафт кезінде банк клиенттің шотындағы барлық ақшаны есептен шығарады және бір мезгілде клиентке клиенттің шотындағы ақшамен өтелмеген ақының бір бөлігіне қаржылай қарыз береді.

Пайда болған бағамдық айырма өзге де өзгерістерде көрсетіледі (кодтары 91, 92-жолдар).

10. Есепті кезеңнің басындағы қалдық (кодтары 11, 81, және 82-жолдар) алдыңғы есепті кезеңнің соңындағы қалдыққа (тиісінше кодтары 60, 93 және 94-жолдар) тең келеді.

11. Коды 29а,70-жолдары бойынша осы сыйақыға салықтарды есепке алмағанда, есепті кезеңде есептелген сыйақы көрсетіледі.

12. Есепті кезеңде ақпарат болмаған жағдайда Нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.

13. Нысанға түзетулер (өзгерістер, толықтырулар) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18544 болып тіркелген, "Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларының 24-тармағында белгіленген ұсыну мерзімінен кейін 6 (алты) ай ішінде енгізіледі.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
мониторингтеу қағидаларына
7-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.02.2023 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратына ұсынылады

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет ресурсында орналастырылған

Банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын филиалының бейрезиденттерден есепті кезеңдегі қаржылай қарыздар тарту талаптары туралы есеп

Әкімшілік дереккөздер нысанының индексі: ПР-7

Кезеңділік: ай сайын

Есепті кезең: _____ жылғы _____ ай

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын филиалы

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 8 (сегізінші) күніне дейін (қоса алғанда)

Нысан

--	--	--	--	--

P/c №	Көрсеткіштің атауы	1-ші қаржылай қарыз туралы ақпарат	2-ші қаржылай қарыз туралы ақпарат	... қаржылай қарыз туралы ақпарат
A	B	1	2	...
1	Валюталық шарт (атауы, нөмірі, күні, мақсаты мен тағайындалуы)			
2	Валюталық шартқа толықтыру ретінде құжат (құжаттар) (бар болса) (атауы, нөмірі, күні, ескертпе)			
3	Валюталық шартқа қатысушы бейрезидент (бейрезиденттер) (атауы, елі, валюта операциясындағы мәртебесі)			
4	Осы валюталық шарттың реттік нөмірі (хабарлама туралы куәліктің (бар болса) нөмірі)			
5	Валюталық шарттың сомасы (валюталық шарттың валютасында)			
6	Шарттың валютасы			
7	Негіздемелік келісім (бар болса) (атауы, нөмірі, күні)			
8	Бейрезиденттің банкке қатынасы (Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын филиалы толтырмайды)			
	Кредитті пайдаланғаны үшін сыйақы (мүдде) мөлшерлемесі (белгіленген пайыздық			

9	мөлшерлеме жағдайында жылдық % көрсетіледі, өзгермелі пайыздық мөлшерлеме жағдайында оны есептеу базасы мен маржа мөлшері көрсетіледі)			
10	Негізгі борыш бойынша мерзімі өткен төлемдер үшін мөлшерлеме (әрбір кешіктірілген күн үшін, басқасы (толық жазу)			
11	Ілеспе төлемдер (ұйымдастыру үшін, басқару үшін, міндеттеме үшін комиссия, басқасы (толық жазу), кредит, негізгі борыш сомасынан пайыздармен, басқасы (толық жазу)			
12	Операцияның қысқаша сипаттамасы (төлем жасау бойынша нұсқаулық, қаражат қозғалысының схемасы, басқасы (толық жазу)			
13	Кредиттің агенті (операторы, ұйымдастырушысы) (бар болса) жөніндегі мәлімет (атауы, резиденттің бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН), бейрезиденттің елі)			
	Ерекше жағдайлардың болуы (қарыз алушының мерзімін ұзарту, мерзімінен бұрын өтеу құқығы,			

14	кредитордың берешекті мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы, басқасы (толық жазу)			
15	Аталған валюталық шарт шеңберінде қаржыландырылатын келісімшарттар туралы мәлімет (бар болса):			
15.1	қаржыландыруды сұратқан аппликант туралы мәлімет (атауы, резиденттің Б С Н , бейрезиденттің елі)			
15.2	қаржыландырылатын келісімшарт (келісімшарттар) туралы мәлімет (атауы, нөмірі, күні, валюталық шарттың валютасындағы сома, валюта, келісімшарттың есептік нөмірі, мәміле паспортының нөмірі (бар болса)			
15.3	келісімшартқа қатысушы бенефициар туралы мәлімет (атауы, резиденттің БСН, бейрезиденттің елі)			
15.4	кредитордың банкті, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын филиалын қаржыландыру нысаны (қаражаттың банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің Қазақстан			

	Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын филиалының шотына келіп түсуі, кредитордың бенефициарға жасаған төлемі, басқасы (толық жазу)			
16	Қаражаттың келіп түсу және берешекті өтеу кестесі (шарт валютасының мың бірлігі)			
17	Ескертпе			

Банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын филиалының атауы

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефон
Басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефон

Есепке қол қойылған күн 20 ____ жылғы " ____ " _____

Банктің, Қазақстан
Республикасының
бейрезидент-банкінің
Қазақстан Республикасының
аумағында қызметін жүзеге
асыратын филиалының
бейрезиденттерден есепті
кезендегі қаржылай қарыздар
тарту талаптары туралы
есеп нысанына
қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме Банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын филиалының бейрезиденттерден есептi кезеңдегi қаржылай қарыздар тарту талаптары туралы есеп (индексi – ПР-7, кезеңдiлiгi – ай сайын) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын филиалының бейрезиденттерден есептi кезеңдегi қаржылай қарыздар тарту талаптары туралы есеп" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанын (бұдан әрi - Нысан) толтыру бойынша бiрыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 3-тармағына сәйкес әзірлендi.

3. Нысанды банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерiнiң Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын филиалдары есептi кезеңде бейрезиденттерден тартқан қаржылай қарыздар бойынша және олар бейрезиденттерден бұрын тартқан, Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 18544 болып тiркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкi Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуiрдегi № 64 қаулысымен бекiтiлген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларының (бұдан әрi – Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидалары) 15-тармағының 1), 2), 3), 4) және 6) тармақшаларында көрсетiлген мәлiметтер өзгерген қаржылай қарыздар бойынша ай сайын ұсынады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қоюға уәкiлеттi адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

5. Нысанды банк тұтастай банк жүйесi бойынша әрбiр қаржылай қарыз бойынша, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкiнiң Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын филиалы тұтастай алғанда Қазақстандағы шетелдiк банктiң филиалы бойынша әрбiр қаржылай қарыз бойынша жасайды.

6. Нысанда егер валюталық шарт шеңберiнде банктiң, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкiнiң Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын филиалының берешегiнiң сомасы баламасында 500 000 (бес жүз мың) Америка Құрама Штаттарының долларынан асса немесе асатын болса, банктiң, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкiнiң Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын филиалының бейрезиденттерден 180 (бiр жүз сексен) күннен астам мерзiмге тартқан қаржылай қарыздары туралы:

1) есептi кезеңде осындай қаржылай қарыздарды тарту талаптары туралы;

2) есепті кезеңде бұрын тартылған осындай қаржылай қарыздар бойынша Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу Қағидаларының 15-тармағының 1), 2), 3), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер өзгерістері туралы ақпарат көрсетіледі.

Коды 6-жол "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес толтырылады.

Коды 7-жолда жекелеген мәмілелерді, оның ішінде коды 1-жолда көрсетілген валюталық шартты кредиттеудің негіздемелік талаптарын айқындайтын негіздемелік келісім (бас келісім, кредиттік желі және басқасы) көрсетіледі.

7. Коды 8-жолда бейрезидент кредитордың банкке (Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын филиалы толтырмайды) қатынасы көрсетіледі:

1) банктің 10 (он) пайызы және одан көп дауыс беруші акцияларын бейрезиденттің тікелей иеленуі;

2) банктің 10 (он) пайызы және одан көп дауыс беруші акцияларын бейрезиденттің жанама иеленуі;

3) банктің 10 (он) пайызы және одан көп дауыс беруші акцияларын резиденттің тікелей иеленуі;

4) банктің 10 (он) пайызы және одан көп дауыс беруші акцияларын резиденттің жанама иеленуі;

5) банк пен бейрезидент бір-біріне ешқандай бақылау жасай алмайды және әсер ете алмайды, бірақ банктің 10 (он) пайыздан кем емес дауыс беруші акцияларын тікелей немесе жанама иеленетін бір инвестордың бақылауында және ықпалында болады;

6) Нысанның осы тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілмеген жағдайлар.

8. Коды 16-жолда банкке, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын филиалына қаражаттың келіп түскені және оның валюталық шарт бойынша берешекті өтеуі туралы ақпарат: қаражаттың (ақша, тауарлар (жұмыстар, қызметтер) түріндегі, өзгесі) нақты немесе болжалды (болашақта) түсу күні немесе негізгі борышты өтеу және сыйақыны төлеу күні, шарт валютасының мың бірліктеріндегі түсімдер (төлемдер) сомасы көрсетіледі. Егер шарттың сомасы валюталық шартта көзделмесе, онда қаражаттың нақты түскені туралы ақпарат қана көрсетіледі. Өзгермелі пайыздық мөлшерлеме жағдайында сыйақыны төлеудің болжалды сомасы валюталық шартта өзгеше белгіленбесе, есепті кезеңнің соңындағы базалық мөлшерлеменің мәнін ескере отырып есептеледі.

9. Егер валюталық шарттағы сома әртүрлі валюталардағы бірнеше сомадан құралса, онда әрбір сома мен шарт валютасы бойынша Нысанның жекелеген бағандары толтырылады.

10. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын филиалы бейрезиденттерден тартқан, есепті кезеңнің басында және (немесе) соңында өтелмеген міндеттемелері бар қаржылай қарыздарды игеру және оларға қызмет көрсету туралы нысанда әрбір қаржылай қарыз бойынша міндеттемелердің нақты орындалуы жөніндегі ақпаратты көрсету үшін реттік нөмір береді.

Ынтымақтастық қағидастарын белгілейтін, бірақ банктің, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын филиалының бейрезидентті қаржыландыруының жекелеген маңызды талаптарын айқындамайтын негіздемелік келісімге реттік нөмір берілмейді.

11. Есепті кезеңде ақпарат болмаған жағдайда Нысан ұсынылмайды.

12. Нысанға түзетулер (өзгерістер, толықтырулар) Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларының 32-тармағында белгіленген ұсыну мерзімінен кейін 6 (алты) ай ішінде енгізіледі.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
мониторингтеу қағидаларына
8-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.02.2023 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратына

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет ресурсында орналастырылған

Банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын филиалы бейрезиденттерден тартқан, есепті кезеңнің басында және (немесе) соңында өтелмеген міндеттемелері бар қаржылай қарыздарды игеру және оларға қызмет көрсету туралы есеп

Әкімшілік дереккөздер нысанының индексі: 11-ОБ

Кезеңділік: тоқсан сайын

Есепті кезең: _____ жылғы _____ тоқсан

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын филиалы

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне дейін (қоса алғанда)

Нысан

1-кесте. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18544 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларының 32-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне есеп ұсынылған қаржылай қарыздарды игеру және оларға қызмет көрсету

Реттік нөмірі	Кредитордың атауы	Кредит валютасының атауы
А	Б	В

кестенің жалғасы

Негізгі борыш							
Есепті кезең басындағы қалдық, шарт валютасының мың бірлігі	Есепті кезеңдегі операция, шарт валютасының мың бірлігі					Есепті кезең соңындағы қалдық	
	Ұлғаюы			Азаюы			
	Барлығы	олардың ішінде мыналар есебінен		Барлығы	олардың ішінде қайта ұйымдастыру есебінен	Сомасы, шарт валютасының мың бірлігі	Баланстық шоттың нөмірі
	қайта ұйымдастыру	капиталдан дырылған сыйақы					
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

Сыйақы					Кредиттің жай-күйі	Ескертпе
Есепті кезең басындағы қалдық, шарт валютасының мың бірлігі	Есепті кезеңдегі операция, шарт валютасының мың бірлігі		Есепті кезең соңындағы қалдық			
	Есептелді	Төленді	Сомасы, шарт валютасының мың бірлігі	Баланстық шоттың нөмірі		
9	10	11	12	13	14	15

2-кесте. Өзге де қаржылай қарыздарды игеру және оған қызмет көрсету

Реттік нөмірі	Алдыңғы кезеңдегі есептен алынған реттік нөмірі	Кредитордың атауы	Кредит валютасының атауы	Кредит сомасы
А	Б	В	Г	Д

кестенің жалғасы

Кредиттік келісімнің (келісімшарттың) нөмірі	Іс-қимыл кезеңі		Кредитор елінің атауы
	Игерудің басталған күні	Өтеудің соңғы мерзімінің күні	
Ж	З	И	К

кестенің жалғасы

Негізгі борыш							
Есепті кезең басындағы қалдық, шарт валютасының мың бірлігі	Есепті кезеңдегі операция, шарт валютасының мың бірлігі					Есепті кезең соңындағы қалдық	
	Ұлғаюы			Азаюы		Сомасы, шарт валютасының мың бірлігі	Баланстық шоттың нөмірі
	Барлығы	олардың ішінде мыналар есебінен		Барлығы	олардың ішінде қайта ұйымдастыру есебінен		
қайта ұйымдастыру		Капиталдан дырылған сыйақы	қайта ұйымдастыру			қайта ұйымдастыру	
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

Сыйақы						
Есепті кезең басындағы қалдық, шарт валютасының мың бірлігі	Есепті кезеңдегі операция, шарт валютасының мың бірлігі		Есепті кезең соңындағы қалдық		Кредиттің жай-күйі	Ескертпе
	Начислено	Оплачено	Сумма, тысяч единиц валюты договора	Номер балансового счета		
9	10	11	12	13	14	15

Банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң Қазақстан Республикасының аумағында қызметiн жүзеге асыратын филиалының атауы

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

қолы, телефон

Басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы, телефон

Есепке қол қойылған күн 20 ____ жылғы " ____ " _____

Банк, Қазақстан
Республикасының
бейрезидент-банкiнiң
Қазақстан Республикасының

аумағында қызметін жүзеге
асыратын филиалы
бейрезиденттерден тартқан,
есепті кезеңнің басында және
(немесе) соңында өтелмеген
міндеттемелері бар қаржылай
қарыздарды игеру және оларға
қызмет көрсету туралы
есеп нысанына
қосымша

**Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме Банк,
Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң Қазақстан Республикасының аумағында
қызметін жүзеге асыратын филиалы бейрезиденттерден тартқан, есепті кезеңнің басында
және (немесе) соңында өтелмеген міндеттемелері бар қаржылай қарыздарды игеру және
оларға қызмет көрсету туралы есеп (индексi – 11-ОБ, кезеңдiлiгi – тоқсан сайын) 1-тарау.
Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме "Банк, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы бейрезиденттерден тартқан, есепті кезеңнің басында және (немесе) соңында өтелмеген міндеттемелері бар қаржылай қарыздарды игеру және оларға қызмет көрсету туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрi – Нысан) толтыру жөнiндегi бiрыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды Банк, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы бейрезиденттерден олар тартқан қаржылай қарыздар бойынша тоқсан сайын ұсынады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

5. Нысанда есепті кезеңнің басында және (немесе) соңында жалпы банк жүйесі бойынша, жалпы Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкiнiң филиалы бойынша бейрезиденттердiң алдында өтелмеген міндеттемелері бар әрбiр қаржылай қарыз бойынша ақпарат бөлек көрсетiледi.

6. 1-кестеде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18544 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларына (бұдан әрi – Қазақстан

Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидалары) 7-қосымшада белгіленген нысан бойынша банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң Қазақстан Республикасының аумағында қызметiн жүзеге асыратын филиалының бейрезиденттерден есептi кезеңдегi қаржылай қарыздар тарту талаптары туралы есептi банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң Қазақстан Республикасының аумағында қызметiн жүзеге асыратын филиалы ұсынған қаржылай қарыздарды игеру, өтеу және оларға қызмет көрсету бойынша мәліметтер көрсетiледi.

7. 2-кестеде өзге қаржылай қарыздарды игеру, өтеу және оларға қызмет көрсету жөнiнде мәліметтер көрсетiледi.

8. Сомалар шарт валютасының мың бiрлiгiмен көрсетiледi.

9. 1-кестеде:

А бағанында банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң Қазақстан Республикасының аумағында қызметiн жүзеге асыратын филиалының Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларына 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бейрезиденттен есептi кезеңде қаржылай қарыздарды тарту талаптары туралы есепте Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкi қаржылай қарызға беретiн реттiк нөмiрi немесе Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидалары қолданысқа енгiзiлгенге дейiн банкке бейрезиденттерден қаржылай қарызға берiлген хабарлама туралы куәлiктiң нөмiрi көрсетiледi.

14-бағанда "қолданыстағы", "Тараптардың мiндеттемелердi толық орындауы" тiзiмiнен есептi кезеңнiң соңындағы кредиттiк келiсiмнiң жай-күйi көрсетiледi. Кредиттiк келiсiм тараптар мiндеттемелерiн, оның iшiнде сыйақы бойынша немесе мерзiмi өткен төлемдер бойынша мiндеттемелердi толық орындағанға дейiн қолданылады деп есептеледi.

10. 2-кестеде Б бағанында өткен кезең үшiн ұсынылған Нысаннан қаржылай қарыздың реттiк нөмiрi көрсетiледi.

11. 1 және 2-кестелерде:

1-бағанда есептi кезеңнiң басында өтелмеген, оның iшiнде мерзiмi өткен негiзгi борыш көрсетiледi;

2-бағанда есептi кезеңде кредит қаражатын алу, борышты қайта ұйымдастыру және сыйақыны капиталдандыру есебiнен негiзгi борыштың ұлғайғаны көрсетiледi;

3-бағанда талап қоюды беру (борышты аудару) кезiнде қайта ұйымдастыру есебiнен борыштың ұлғаюы көрсетiледi;

4-бағанда сыйақыны капиталдандыру (сыйақыны негiзгi борышқа жатқызу) көрсетiледi;

5-бағанда есептi кезеңде өтеу және қайта ұйымдастыру есебiнен негiзгi борыштың, оның iшiнде мерзiмi өткен борыштың азаюы көрсетiледi;

6-бағанда қайта ұйымдастыру есебінен борыштың азаюы көрсетіледі. Мерзімінен бұрын өтеу, кешіру, талапты басқаға беру (борышты аудару), борышты капиталға қатысу құралдарына (қарыз алушыға және (немесе) үшінші тұлғаларға) айырбастау, қарыз алушының жылжымайтын мүлкі және өзге де активі, қарыз алушының борыштық бағалы қағаздары, тауарды жеткізу және қарыз алушының өзге де борыштық міндеттемелері қайта ұйымдастырудың негізгі түрлері болып табылады;

7 және 8-бағандарда есепті кезеңнің соңында өтелмеген, оның ішінде мерзімі өткен негізгі борыш және борыштың қалдығы ескерілетін баланстық шоттың нөмірі көрсетіледі;

9-бағанда есепті кезеңнің басындағы сыйақы бойынша, оның ішінде мерзімі өткен берешек көрсетіледі;

10-бағанда есепті кезеңде есептелген сыйақы көрсетіледі;

11-бағанда есепті кезеңде сыйақының, оның ішінде мерзімі өткен сыйақының ақы төлеу, қайта ұйымдастыру және капиталдандыру есебінен азаюы көрсетіледі;

12 және 13-бағандарда есепті кезең соңындағы сыйақы, оның ішінде мерзімі өткен сыйақы бойынша берешек және осы берешек ескерілетін баланстық шоттың нөмірі көрсетіледі.

12. 1-кестенің және 2-кестенің 15-бағанында қамтамасыз ету түрі және қамтамасыз ету сомасы валютасы көрсетіле отырып, валютаның мың бірлігімен көрсетіледі (бар болса). Қамтамасыз етудің бірнеше түрі болған кезде қамтамасыз етудің барлық түрі және қамтамасыз етудің жалпы нарықтық құны мың теңгемен көрсетіледі.

1-кестенің В бағаны және 2-кестенің Г бағаны "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес толтырылады.

2-кестенің К бағаны "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ҚР ҰС ISO 3166-1 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес толтырылады.

13. 1 және 2-кестелерде арифметикалық-логикалық бақылау:

1-баған = өткен тоқсан үшін ұсынылған Нысанның 7-бағаны;

2-баған \geq 3-баған + 4-баған;

5-баған \geq 6-баған;

7-баған = 1-баған + 2-баған - 5-баған;

9-баған = өткен тоқсан үшін ұсынылған Нысанның 12-бағаны;

12-баған = 9-баған + 10-баған - 11-баған.

14. Есепті кезеңде ақпарат болмаған жағдайда, Нысан ұсынылмайды.

15. Нысанға түзетулер (өзгерістер, толықтырулар) Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларының 33-тармағында белгіленген ұсыну мерзімінен кейін 6 (алты) ай ішінде енгізіледі.

валюталық операцияларды
мониторингтеу қағидаларына
9-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратына
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz
интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: жүргізілген валюталық операциялар туралы есеп
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: ПР-9
Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: _____ жылғы _____ ай

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: уәкілетті банк

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімдері: есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (онына) (қоса алғанда) дейінгі мерзімде, ай сайын

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

1. Валюталық шарттың деректемелері		
Валюталық шарттың нөмірі	Валюталық шарттың күні	Валюталық шарттың есептік нөмірі
1.1	1.2	1.3

кестенің жалғасы

2. Төлем құжаты бойынша ақша жөнелтуші				
Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)	Ел коды	Резиденттік белгісі	Экономика секторының коды
2.1	2.2	2.3	2.4	2.5

кестенің жалғасы

3. Төлем құжаты бойынша бенефициар				
Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	БСН, ЖСН	Ел коды	Резиденттік белгісі	Экономика секторының коды
3.1	3.2	3.3	3.4	3.5

кестенің жалғасы

4. Валюталық операция туралы ақпарат				

Күні	Валюталық операция референсі	Валюталық операция коды	Төлем белгілеу коды (ТБК)	Валюта бірлігіндегі сома	Төлем валютасының коды	Төлем белгісі	Ішкі корпоративтік ақша аударымының белгісі	Ақша шығаруға, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының талаптарының орындауына жалтаруға байланысты операция түрі
4.1	4.2	4.3	4.4	4.5	4.6	4.7	4.8	4.9

кестенің жалғасы

5. Валюталық операция бойынша контрагенттің ұйымы (банк) туралы ақпарат			
Ұйымның (банктің) сәйкестендіру коды (БСК)	Атауы	Ел коды	Траншекаралық төлем белгісі
5.1	5.2	5.3	5.4

кестенің жалғасы

6. Валюталық шарт бойынша ақша жөнелтуші				
Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	БСН, ЖСН	Ел коды	Резиденттік белгісі	Экономика секторының коды
6.1	6.2	6.3	6.4	6.5

кестенің жалғасы

7. Валюталық шарт бойынша ақша алушы				
Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	БСН, ЖСН	Ел коды	Резиденттік белгісі	Экономика секторының коды
7.1	7.2	7.3	7.4	7.5

кестенің жалғасы

8. Ескертпе

Атауы _____ мекенжайы _____
Телефоны _____
Электрондық пошта мекенжайы _____
Орындаушы _____
тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны
Басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "___" _____

Ескертпе: нысан "Жүргізілген валюталық операциялар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Жүргізілген валюталық операциялар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымша

Жүргізілген валюталық операциялар туралы есеп (индексі – ПР-9, кезенділігі – ай сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Жүргізілген валюталық операциялар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заң) 5-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды уәкілетті банк ай сайын ұсынады және ол жүргізген валюталық операциялар, оның ішінде клиенттің тапсырмалары бойынша ақпаратты қамтиды.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

5. Нысанға есепті кезеңдегі "Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18512 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларында (бұдан әрі – Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидалары) айқындалатын шекті мәнге тең немесе одан асатын сомаға валюталық операциялар бойынша ақпарат енгізіледі.

6. Валюталық операциялар Нысанда:

клиенттердің тапсырмалары бойынша (оның ішінде төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған) төлемдер және (немесе) ақша аударымдары

бойынша – клиенттің уәкілетті банктегі банктік шотына ақша есептеу (клиенттің уәкілетті банктегі банктік шотынан ақша есептен шығару) күні;

уәкілетті банктің өз төлемдері және (немесе) ақша аударымдары бойынша – уәкілетті банктің корреспонденттік шотына ақша есептеу (уәкілетті банктің корреспонденттік шотынан ақшаны есептен шығару) күні;

басқа валюталық операциялар бойынша – операциялар жасау күні көрсетіледі.

Төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған валюталық операциялар бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары жөніндегі ақпаратты уәкілетті банк резиденттен немесе бейрезиденттен осындай төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпаратты алуына қарай түзетеді.

7. Нысанның 1, 6 және 7-бөліктері валюталық шарт негізінде валюталық операциялар жүргізілген жағдайда толтырылады.

8. Нысанның 1-бөлігінде валюталық шарттың деректемелері көрсетіледі. 1.3-баған валюталық шартқа есептік нөмір берілсе толтырылады.

9. Нысанның 2 және 3-бөліктерінде төлем құжатына сәйкес ақша жөнелтуші мен бенефициар туралы ақпарат көрсетіледі.

2.3 және 3.3-бағандарда "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ҚР ҰЖ ISO 3166-1 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес ақша жөнелтушінің, бенефициардың тіркелген елінің (заңды тұлға, заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) үшін) немесе тұрақты тұратын елінің (Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген азаматтығы немесе құқығы негізінде жеке тұлға үшін) екі әріптік коды толтырылады.

2.4, 2.5, 3.4 және 3.5-бағандар "Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген) бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына (бұдан әрі – Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидалары) сәйкес толтырылады.

Үшінші тұлға жеке тұлғаның банктік шотына (шотынан) қолма-қол ақша салған (алған) жағдайларды қоспағанда, банктік шотына (шотынан) қолма-қол ақша салған (алған) кезде Нысанның 2 және 3-бөліктерінде шоттың иесі туралы ақпарат толтырылады. Үшінші тұлға жеке тұлғаның банктік шотына қолма-қол ақша салған кезде Нысанның 2-бөлігінде ақша салатын тұлға туралы, Нысанның 3-бөлігінде шоттың иесі туралы ақпарат толтырылады.

Үшінші тұлға жеке тұлғаның банктік шотынан қолма-қол ақшаны алған кезде Нысанның 2-бөлігінде шоттың иесі туралы ақпарат толтырылады, Нысанның 3-бөлігінде ақша алатын тұлға туралы ақпарат толтырылады.

Уәкілетті банк шетел валютасын, чектерді, вексельдерді, басқа төлем құжаттарын немесе өзге валюталық құндылықтарды сатқан кезде Нысанның 2-бөлігінде уәкілетті банк туралы, Нысанның 3-бөлігінде сатып алушы клиент туралы ақпарат көрсетіледі.

Уәкілетті банк шетел валютасын, чектерді, вексельдерді, басқа төлем құжаттарын немесе өзге валюталық құндылықтарды сатып алған кезде Нысанның 2-бөлігінде сатушы клиент туралы ақпарат, Нысанның 3-бөлігінде уәкілетті банк туралы ақпарат көрсетіледі.

10. Нысанның 4-бөлігінде валюталық операция туралы ақпарат көрсетіледі.

4.1-бағанда валюталық операцияның күні есепті кезеңге сәйкес келуге тиіс.

4.2-бағанда валюталық операцияның мынадай төрт бөліктен тұратын референсі көрсетіледі:

1) бірінші бөлікте "Қазақстан Ұлттық Банкінің банктік идентификациялау кодтарын беру, пайдалану және жою, сондай-ақ банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және жою, олардың құрылымы, Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 128 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21593 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 128 нұсқаулық) бекітілген Қазақстан Ұлттық Банкінің банктік идентификациялау кодтарын беру, пайдалану және жою, сондай-ақ банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және жою, олардың құрылымы, Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулыққа сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін уәкілетті банктің үш мәнді коды көрсетіледі;

2) екінші бөлікте № 128 нұсқаулыққа сәйкес үш цифрдан тұратын уәкілетті банк филиалының коды көрсетіледі;

3) үшінші бөлікте есепте валюталық операцияның реттік нөмірі көрсетіледі;

4) төртінші бөлікте "ККААЖЖЖЖ" форматында есепті күн көрсетіледі.

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары үшін референстің бірінші және екінші бөліктерінің кодтары "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелері ретінде бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына "Қазақстан қор биржасы" АҚ берген кодтарға сәйкес қойылады.

Әрбір валюталық операцияның референсі бірегей болуы тиіс.

4.3-баған Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес толтырылады.

4.4-баған Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына сәйкес толтырылады.

4.5-бағанда сома валюта бірлігімен көрсетіледі және математикалық дөңгелектеу жолымен бүтін мәнге дейін дөңгелектенеді.

4.6-бағанда "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес валютаның үш таңбалы әріптік коды көрсетіледі.

4.7-бағанда "01" – жөнелтілген төлемдер немесе ақша аударымдары, уәкілетті банктің қолма-қол шетел валютасын алуы немесе шетел валютасын сатуы бойынша операциялары, чектер, вексельдер, басқа да төлем құжаттары немесе өзге валюталық құндылықтар үшін, "02" – кіріс төлемдер немесе ақша аударымдары, уәкілетті банктің қолма-қол шетел валютасын есептеуі немесе шетел валютасын сатып алуы бойынша операциялары, чектер, вексельдер, басқа төлем құжаттары немесе өзге валюталық құндылықтар үшін көрсетіледі.

4.8-бағанда төлем және (немесе) ақша аударымы заңды тұлға мен оның құрылымдық бөлімшелері немесе бір заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері арасында жүзеге асырылса "1" белгісі, қалған жағдайларда "0" белгісі көрсетіледі.

4.9-баған Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларының 16-1 және 16-2-тармақтарына сәйкес мынадай түрде толтырылады:

"1.1" – тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) бейрезиденттен алынуы тиіс ақшаны резиденттің уәкілетті банктердегі банктік шоттарына аудару көзделмесе, бейрезиденттің резидентке (уәкілетті банкті қоспағанда) ақша ұсынуы көзделетін қаржылай қарыз;

"1.2" – егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) бейрезиденттен алынуы тиіс ақшаны резиденттің уәкілетті банктердегі банктік шоттарына аудару көзделмесе, резидентте (уәкілетті банкті қоспағанда) бейрезидентке ақшаны қайтару бойынша талаптардың туындауы көзделетін қаржылай қарыз;

"1.3" – егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) қаржылай қарыз нысанын пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу көзделмесе, резиденттің үлестес тұлға болып табылмайтын бейрезидентке ақша ұсынуы көзделетін қаржылай қарыз;

"1.4" – егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) бейрезиденттің экспортқа ақы төлеу бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі резидент

міндеттемелерді орындаған күннен бастап жеті жүз жиырма күннен асатыны көзделген болса, экспорт бойынша операциялар;

"1.5" – егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) аванстық төлемді немесе толық көлемде алдын ала төлем сомасын қоса алғанда (бейрезидент импорт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда), бейрезиденттің тауарларды жеткізу (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) бойынша немесе ақшаны қайтару бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі резидент міндеттемелерді орындаған күннен бастап жеті жүз жиырма күннен асатыны көзделсе, импорт бойынша операциялар;

"1.6" – резиденттің клиенттердің тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына бейрезидент-кәсіби қатысушыға баламасы елу мың АҚШ долларынан асатын сомаға ақша аударымы;

"1.7" – резиденттің шетелдегі өз шотына баламасы елу мың АҚШ долларынан асатын сомаға ақша аударымы;

"1.8" – резиденттің бейрезидент пайдасына баламасы елу мың АҚШ долларынан асатын сомаға жүзеге асыратын өтеусіз ақша аударымы;

"2.1" – бір бейрезидентпен жасалған екі немесе одан да көп валюталық шарт бойынша осындай валюталық шарттарға есептік нөмір берілуі тиіс шекті мәннен асатын жалпы сомаға бір тұлғаның күнтізбелік бір ай ішіндегі төлемдері және (немесе) ақша аударымдары;

"2.2" – егер ұлттық валютадағы ақшаның шығу көзі бейрезиденттің резидентке тауарларды сатудан (жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден), өзге де қаржы активтерін ұлттық валютаға сатудан, Қазақстан Республикасының аумағындағы қызметтен ұлттық валютада дивидендтер алудан, мемлекеттік кірістер органдарының бұрын бейрезидент төлеген салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді және ұлттық валютаның өзге де экономикалық негізделген шығу көздерін қайтарудан түскен ақшаны алуына байланысты болмаса, бейрезиденттің баламасында елу мың АҚШ долларынан асатын сомаға ұлттық валюта үшін қолма-қол ақшасыз шетел валютасын бір уәкілетті банктен бір жұмыс күні ішінде сатып алу операциялары;

"0" – қалған жағдайларда.

11. Нысанның 5-бөлігінде валюталық операциялар бойынша контрагенттің ұйымы (банк) – алынған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары үшін ақша жөнелтуші ұйым (банк), жөнелтілген төлемдер және (немесе) ақша аударымдары үшін бенефициар ұйымы (банк) туралы ақпарат көрсетіледі. Ішкі банктік валюталық операциялар бойынша есеп беретін уәкілетті банк туралы ақпарат көрсетіледі. Негізінде төлемдер және (немесе) ақша аударымдары жүргізілетін құжаттарда ақша жөнелтуші ұйым (банк) туралы ақпарат болмаған кезде Нысанның 5-бөлігі толтырылмайды.

5.3-бағанда ақша жөнелтуші ұйымы (банкі) немесе бенефициары елінің "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ҚР ҰЖ ISO 3166-1 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес екі әріптік коды толтырылады. Ішкі банктік валюталық операциялар үшін "KZ" коды көрсетіледі.

5.4-бағанда мынадай жағдайларда "1" көрсетіледі:

1) егер төлемге және (немесе) ақша аударымына бастамашылық жасалған ел (төлем және (немесе) ақша аударымы жіберілген бастапқы ақша жөнелтушінің банктік шоты ашылған ел) Қазақстан Республикасынан өзгеше болса;

2) егер төлем және (немесе) ақша аударымы жіберілген ел (ақша есептелген түпкілікті бенефициардың банктік шоты ашылған ел) Қазақстан Республикасынан өзгеше болса.

Өзге жағдайларда "2" көрсетіледі.

12. Нысанның 6 және 7-бөліктерінде валюталық шарт бойынша ақша жөнелтуші немесе ақша алушы туралы мәліметтер көрсетіледі. Егер валюталық шарт бойынша ақша жөнелтуші (алушы) төлем құжаты бойынша ақша жөнелтушімен (бенефициармен) сәйкес келетін болса, онда Нысанның 6 (7)-бөлігінде Нысанның 2 (3)-бөлігіне ұқсас ақпарат толтырылады.

6.3. және 7.3-бағандарда "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдердің кодтары" ҚР ҰЖ 06 ISO 3166-1 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес валюталық шарт бойынша ақша жөнелтушінің немесе алушының тіркелген елінің (заңды тұлға, заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) үшін) немесе тұрақты тұратын елінің (Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген азаматтығы немесе құқығы негізінде жеке тұлға үшін) екі әріптік коды көрсетіледі.

6.4, 6.5, 7.4 және 7.5-бағандар Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына сәйкес толтырылады.

13. Нысанның 8-бөлігінде Нысанның 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-бөліктеріне енгізілмеген қосымша ақпарат: инвестициялау объектісі, бағалы қағаздар эмитенті, жылжымайтын мүлік объектісінің елі, төлемнің ерекше талаптары туралы ақпарат, валюталық заңнама бойынша жөнелтушінің нұсқауларын сақтау шотына ақша есептеу күні көрсетіледі.

14. Нысанның 8-бөлігінде нақтылайтын ақпараттың болмауы бұзушылық болып табылмайды. Нысанға белгіленген шекті мәннен аз сомадағы валюталық операцияларды енгізу бұзушылық болып табылмайды.

15. Есепті кезеңде ақпарат болмаған жағдайда, Нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.

16. Нысанға түзетулер (өзгерістер, толықтырулар) есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күніне дейін (қоса алғанда) енгізіледі.

17. Нысанға клиенттердің тапсырмасы бойынша мынадай валюталық операциялар енгізілмейді:

- 1) "Астана" халықаралық қаржы орталығына қатысушылардың валюталық операциялары;
- 2) айырбастау пункттері арқылы қолма-қол шетел валютасын сатып алу (сату);
- 3) клиенттің өз шоттары бойынша бір уәкілетті банктің ішіндегі аударымдары (ішкі корпоративтік аударымдарды қоса алғанда);
- 4) бейрезиденттің уәкілетті банктегі өз шотынан (өз шотына) қолма-қол теңгені алуы (есепке жатқызуы);
- 5) есеп беретін уәкілетті банктен кредит алуға байланысты операциялар (пайыздар мен комиссияларды беру, өтеу, төлеу);
- 6) заңды тұлғаның жалақы жобасы бойынша жалақы төлеуі (резиденттер мен бейрезиденттердің клиенттері үшін);
- 7) басқа банктер клиенттерінің тапсырмасы бойынша "Лоро" шоттары бойынша операциялар;
- 8) жеке тұлғалардың баламасы елу мың АҚШ долларынан аз сомаға төлем карталарын пайдаланған операциялары;
- 9) банктік шот ашпай және пайдаланбай жасалатын операциялар;
- 10) есеп беретін уәкілетті банк клиенттерінің депозиттері.

18. Нысанға уәкілетті банктің мынадай меншікті валюталық операциялары енгізілмейді:

- 1) ішкі корпоративтік аударымдарды қоса алғанда, уәкілетті банктің меншікті шоттары бойынша төлемдер мен аударымдар;
- 2) есеп беретін уәкілетті банктің кредиттер беруіне/алуына байланысты операциялар (пайыздар мен комиссияларды беру, өтеу, алу);
- 3) шетел валютасымен биржадан тыс мәмілелер;
- 4) есеп беретін уәкілетті банктің овернайттарын қоса алғанда, банкаралық кредиттермен және депозиттермен байланысты операциялар;
- 5) туынды қаржы құралдарымен және борыштық бағалы қағаздармен операциялар (борыштық бағалы қағаздар эмитенттерінің операцияларынан басқа);
- 6) төлем жүйелері, ақша аударымдары жүйелері шеңберіндегі есеп айырысулар бойынша неттинг;
- 7) кастодиандық қызмет көрсету шеңберіндегі операциялар;
- 8) транзиттік шоттар бойынша операциялар;
- 9) қолма-қол шетел валютасымен операциялар (әкелу, әкету, есепке жатқызу немесе шоттардан алу).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК